



ЕЛБАСЫ АНТ ҚАБЫЛДАДЫ



Қуандық Тұрғанқұлов Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевқа Қазақстан Республикасы Президенті куәлігін салтанатты түрде тапсырды.

– 26 сәуір – еліміз үшін тағы бір тарихи, тағдырлы күн болды. Президент сайлауы Қазақстан халқының кемеңгерлігін бүкіл әлемге паш етті. Ел бірлігіне беріктігі мен кемел келешекке сенімін танытты. Мәңгілік елдің мызғымас ұстанымдарына адалдығын көрсетті. Өмірін халқының бақытты жолына арнаған жанға бұдан зор құрмет болмас. Мен үшін ел сенімінен асқан мәртебе жоқ, сол сенімді ақтаудан асқан бақыт жоқ. Сол себепті Қазақстанның жарқын болашағы жолында қандай тәуекелге де бармын, – деді Нұрсұлтан Назарбаев ұлықтау рәсімінде сөйлеген сөзінде.

Сәрсенбінің сәтті күні Астанадағы «Тәуелсіздік» сарайында Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевты ұлықтау рәсімі болып өтті. Биыл бесінші рет өтіп отырған Мемлекет басшысының қызметіне ресми кірісу салтанаты Ассамблея жылы, Конституцияның 20 жылдығы, Жеңістің 70 және Қазақ хандығының 550 жылдығымен тұспа-тұс келіп отыр.

Ұлықтау рәсімінде Елбасы Қазақстан халқына адал қызмет етуге, Қазақстан Республикасының Конституциясы мен Заңдарын қатаң орындауға, азаматтардың құқықтары мен бостандығына кепілдік беруге, Қазақстан Республикасының өзіне жүктеген мәртебелі міндетін адал атқаруға салтанатты түрде Ант қабылдады. Осы уақыттан бастап ол Қазақстан Республикасының Президенті қызметіне кірісті.

Ант қабылдау рәсімінен соң Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны орындалды. Орталық сайлау комиссиясының төрағасы

Елбасы өз сөзінде Қазақстанның алдында ауқымды 5 міндет бар екенін айтып, оларды жіктеп-жіктеп берді. Және осы бес реформа негізінде жүзеге асырылатын мемлекетті әрі қарайғы дамытудың 100 нақты қадамынан құралған Ұлт жоспарын ұсынатынын айтты. «Бұл 100 қадам Қазақстанның жаһандық және ішкі шақыртуларына, сондай-ақ, жаңа тарихи шарттар бойынша озық отыз елдің қатарына қосылу жоспарына жауап береді», – деді Н.Назарбаев.

Рәсім соңы Қазақстан Республикасының Президентін ұлықтау рәсіміне арналған салтанатты әскери шерумен аяқталды.

Ізтай БЕЛГІБАЙҰЛЫ.



БІЗ БАҚЫТЫМЫЗДЫ ҚАЗАҚ ЕЛІНЕН ТАПТЫҚ

Мамыражай мамырдың алғашқы мерекесі – Қазақстан халқының бірлігі күні де келіп жетті. Тәуелсіз Қазақстанды мекен етіп жатқан барлық ұлт пен ұлыстың өкілдері бұл мерекені қашаннан шат-шадыман қуаныш құшағында, көтеріңкі көңіл-күймен атап өтеді. Өйткені бұл мейрам – қазақ даласына тағдыр талқысымен еріксіз қоныс аударылған өзге ұлт өкілдеріне, олардың ұрпақтарына деген құрмет пен қошеметтің белгісі!

Мен өзім Балтық жағалауындағы литва ұлтының қызымын. Ал жұбайым Вячеслав Лицков болса орыс ұлтынан. Екеуміз де жастық шағымызда Жезқазғанға жұмыс бабымен келгендердің қатарынанбыз. Сол жерде танысып, тілегіміз үндескен соң шаңырақ көтердік. Кейін қасиетті Ұлытауға қоныс аудардық, орман шаруашылығында ұзақ жылдар еңбек еттік. Ұлытаудың халқы бізді жатсынбай, бірден бауырына басты. Қазақ халқының бауырмалдығын, дарқандығын, кеңпейілдігін осы киелі

мекенде шын сезінгендей болдық. Бізге алғашқыда ақыл-кеңестерін айтып, көмек қолдарын ұсынған ауылдың көнекөз қариялары еді. Олардың көбісі қазір ортамызда жоқ, бақилық болып кетті. Біз оларды әлі де құрметпен еске аламыз! Жатқан жерлері жайлы, топырақтары торқа болсын барлығының! Біз қазақ халқына, әсіресе ұлытаулықтарға айтар алғысымыз шексіз. Шын бақытымызды Қазақ жерінен тауып, осындай бейбіт өмірге жеткеніміз үшін қазақ халқына бас иеміз!

Бүгін барлық отандастарымызды Бірлік мерекесімен құттықтай отырып, әр шаңыраққа береке-бірлік, ұзақ ғұмыр, мол бақыт тілейміз. Аспанымыз ашық, ортақ Отанымыз тыныш, халқымыз аман болсын, ағайын!

Лариса МИКАЛАУСКЕНЕ,
Орман және жануарлар әлемін
қорғау жөніндегі
Ұлытау шаруашылығының
байырғы қызметкері.

ҚҰРМЕТТІ АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫ!

Тәуелсіздігіміздің 24 жылы ішінде алған асуларымыз бен жеткен жетістіктерімізде елімізде өмір сүруші барша ұлт өкілдерінің еншісі бар. Осындай мол табыстарға қол жеткізуде аудан жұртшылығының да өзіндік үлесі бар. Себебі осындағы барлық ұлттардың татулығы мен келісімінің арқасында баршамыз алаңсыз өмір сүріп, білім алып, еңбек етудеміз.

Осыдан 20 жыл бұрын 1995 жылы 1 наурызда Қазақстан халқы Ассамблеясын құру туралы Жарлыққа қол қойылды. Бұл бірегей институт біздің қоғамда бейбітшілік пен келісімді сақтауды көздейді. Осы уақытта Ассамблея жалпыхалықтық, жалпыазаматтық органға айналып, конституциялық мәртебеге ие болды. Сол себепті Ассамблея жылы біздің ортақ мерекеміз. Әрбір азамат біздің жеріміздегі бейбітшілік пен келісімнің сақталуына жауапкершілікті сезінуі

керек. Бұл Қазақстан болашағының кілті. Біз «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты жаңа экономикалық саясаттың негізгі мақсаттарын жүзеге асыра бастадық. Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығы, Ұлы Жеңістің 70 жылдығы, ҚР Конституциясының 20 жылдығы, Қазақ хандығының 550 жылдығы сынды маңызды шараларға толы жыл болып отыр. Біздің елімізде қалыптасқан ұлттар тұтастығы мен ұлыстар достығының арқасында бүгінде мемлекетіміз өркендеп, ілгері басып келеді.

Сіздерді татулық пен келісімнің нұрына малынған 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз.

Аудан әкімі Х.ОМАРОВ
Аудандық мәслихаттың
хатшысы Т. СЕЙТЖАНОВ

ДҰРЫС ТАҢДАУ – ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ КЕПІЛІ

Альмира МАКСҰТКЫЗЫ

Президент сайлауы — еліміздегі ең маңызды саяси науқандардың бірі. Елінің келешегі мен ертеңі үшін алаңдайтын әр азамат Президент сайлауына қатысады. 26 сәуір – Қазақстан Республикасының кезектен тыс Президент сайлау күні деп белгіленгеннен-ақ ұлытаулықтар бұл күнді асыға күтті. Мұның дәлелі – 26 сәуір күні, таңғы сағат 7-де сайлау учаскелері ашылысымен дауыс беруге асыққан жұрттың қарасының көп болуы.



Аудандық сайлау комиссиясының деректеріне сүйенсек, биылғы сайлау халықтың белсенділігімен ерекшеленді. Дауыс беруге аудан халқының 99,13 пайызы келген, яғни жалпы 7280 сайлаушының 7217-сі сайлауға қатысты. Таңғы сағат 7-00-ден 9-30-ға дейін жалпы сайлаушылардың 63 пайызы дауыс беріп үлгерген.

Ерте дауыс беруге асыққан сайлаушылардың қатарында ақсақалды аталарымыз бен аққаулықты аналарымыз бар. №549 сайлау учаскесіне ең алғаш келген Сәрсенбай Оспанов ақсақалға және №550 сайлау учаскесіне бірінші болып барған Тыныштық Асанхановқа, көпбалалы ана Сәуле Аубакироваға сайлау комиссиясы арнайы сыйлықтар тапсырды. Алғашқылардың бірі болып дауыс берген аудан әкімі Хамит Нұрланұлы. «Еліміздің болашағы үшін, оның жарқын болуы үшін қазақстандық әр азамат дауыс беруі тиіс», - деді аудан әкімі өз сөзінде. Сайлауға алғаш рет қатысқан, 18 жастағы жас сайлаушы Балым Әкбарға да сайлау комиссиясы арнайы естелік сый тарту етті.

Сайлау күні комиссия мүшелері белсенді жұмыс жасады. Денсаулығына байланысты учаскелеріне келе алмаған 50 тұрғынға өз өтініштері бойынша арнайы үйлеріне, ауруханаға барып дауыс жиналды. Ілгерідегі сайлауларда сайлаушылар өз есімдерін тізімнен таппаған жайттар кездесіп еді. Бұл сайлауда мұндай жағдайлар орын алған жоқ. Себебі, сайлауға дейін 2 ай бұрын дауыс берушілер тізімі жасалды. Сайлау күні ХҚКО-мен бірге 30 сайлау учаскелерінде электрондық пошталары жұмыс істеп, онда «Сайлаушылар тізімінен өзіңді тексер» сілтемесі арқылы жұмыс атқарылды. Сонымен қатар, 5 сайлау учаскесіне 30 адам келу парағымен рұқсат қағазын алып, сайлауға қатысты. Өз өтініштерін білдіріп 8 сайлау учаскесінен 18 адам тұрғылықты мекенінен басқа жерде болуларына байланысты кету парақтарын алды.

Сайлау нәтижесі бойынша ҚР Президенттігіне кандидат Н.Назарбаевқа жалпы сайлаушылардың 7113-і, яғни 98,63 пайызы, ҚР Президенттігіне кандидат Ә.Құсайыновқа – 91 адам, яғни 1,26 пайыз, Т.Сыздықовқа – 8 сайлаушы, яғни 0,11 пайызы дауыс берген.

Биылғы кезектен тыс Президент сайлауы жалпыхалықтық мереке сипатында өтті десек артық болмас. Сайлау учаскелерінде таңғы сағат 7-00-ден кешкі 20-00-ге дейін ән әуелеп, күй күмбірлеп тұрды. Сайлауға аудан халқы ерікті түрде белсенді қатысты. Ауыл ақсақалы, Ұлытау ауданының құрметті азаматы Сәрсенбай Оспанов сайлаудың ашылу іс-шарасында сөз сөйлеп, өлең оқыған еді. Құрметті ақсақалымыздың жүрекжарды өлеңін қоса жариялап отырмыз.

ҰЛЫТАУ

**Қазақ елінің қара шаңырағы
Жарқырап атқан алтын таңы**

Жасыны жарып қара бұлтын нұрын
төккен көк аспан,
Шуағын жайып бар әлемге жарқырап
атқан алтын таң.
Ол Алланың шарапаты елдікке бірлік
ұйытқан,

Бірлікке түгел қанаттасып
Қазақ елін дамытқан.

Қазақ елі – жері демі,
Жерге сіңген қаны-тері
Ол бабалар рухтары
«Мәңгілік ел» деп киелі.

Намысын таптап,
Ғасырлар аттап
Шуағын жайған өңірде
Ие бол елдік тізгінге
Бабалар бұрын болжаған
Қағылдан кетіп жоғалған
Бүтін бірлік, адал іс,
Танылып бүгін ұқсаған.

Көрі тауды – Ұлытау,
Атандырған із қалған
Сол белгісін бірліктің
Орнаттырған Нұрсұлтан.

Бірлік белгісі

Төрткүл дүние уығын
Арқасын қосып бір бұған
Ажырамас Алаштың
Бесігі етіп бір туған.

**Сәрсенбай ОСПАНОВ,
еңбек ардагері.**

БОЛАШАҚҚА БАСТА ЕЛІНДІ, ЕЛБАСЫ!

Рахымжан ӘДЕНҰЛЫ

Қазақстан тарихы жылнамасының парағына алтын әріптермен жазылып, мәңгілікке қалдырылатындай тағы бір тарихи оқиға өтті егемен елімізде. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың осыдан түп-тура 20 жыл бұрынғы, яғни 1995 жылдың 1 наурыздағы Жарлығымен көпұлтты Қазақстанда елдің бірлігі мен халықтар арасындағы татулықты, ұлт пен ұлыстың ынтымағын қорғайтын – Қазақстан халықтарының Ассамблеясы құрылған-тын. Осы Ассамблеяның Саяси Кеңесі алдағы 2016 жылы өтетін ҚР Президенті сайлауын биыл, 2015 жылы кезектен тыс өткізу жөнінде бастама көтерген еді. Қазақстандықтардан қызу қолдау тапқан бұл бастама ағымдағы жылдың 26 сәуірінде жүзеге асты. ҚР Президентінен үміткерлерге қойылатын барлық талаптарға сай 3 үміткер сайлауға түсті. Олар: Қазақстан коммунистері партиясының атынан Т.Сыздықов, «Нұр Отан» партиясы ұсынған Н.Назарбаев және Қазақстан Кәсіподақтарының атынан түскен Ә.Құсайынов еді. Қазақстанның болашағы, қазақстандықтардың тағдыры үшін аса маңызды, саяси мәні де зор осы додада Қазақстанның Тұңғыш Президенті, осыған дейін ел басқарып келген Ұлт көшбасшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев республика бойынша сайлаушылардың 97,75 пайыз дауысын жинады. Ал Т.Сыздықов – 1,6 пайыз, Ә.Құсайынов – 0,7 пайыз дауыс жиды. Осындай нәтижемен саяси дода өз мәресіне жетті. «Ақ түйенің қарыны жарылды», Алаштың маңдайына біткен асыл перзенті Президенттік қызметін әрі қарай жалғастыратын болды. «Тәубе, тәубе» десті Алты Алаштың қалың жұрты!

ҚР Президентінің сайлауы өткен күннің ертеңіне аудандық Мәдениет үйінде, ел өміріндегі айтулы саяси додада дара келген Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың құрметіне Жеңімпаз форумы өткізілді. «Нұр Отан» партиясының аудандық филиалы ұйымдастырған форумға «Нұр Отан» партиясының, «Жас Отан» жастар қанатының мүшелері, мекемелер мен кәсіпорындардың, ұйымдардың басшылары мен қызметкерлері, село жастары, т.б. қатысты. Іс-шара барысында сахна төріндегі экраннан Елбасының өмірі, қызмет жолдары жайлы слайд, Ұлытау төрінде отырып берген сұхбаты көрсетілді. Форумға жиналғандарды қуаныштарымен құттықтап, «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалы жанынан құрылған, ҚР Президентінің үміткер Н.Ә.Назарбаевтың кандидатурасын қолдау жөніндегі аудандық қоғамдық



штабтың мүшесі, аудандық мәслихаттың депутаты Ш.Үмбетов, аумақтық ауылшаруашылығы инспекциясының басшысы, неміс қызы С.Григорович, жеке кәсіпкер Б.Берлібек, «Дипломмен – ауылға!» бағдарламасы бойынша селомызға келіп еңбек етіп жүрген жас мамандар А.Кәрімова мен Ә.Әубәкірова сөз сөйледі. Олардың барлығы Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың ел басқарғалы бері Қазақстанды дамытудағы өлшеусіз еңбегі, саяси ұстанымы, халыққа қамқорлығы, т.с.с. туралы айта келе, кешегі өткен саяси додада жеңіске жеткен Н.Назарбаевтың алдағы қызметіне сәттілік, жаңа жетістіктер тіледі. «Нұрлы жол», «Нұрсұлтан», «Қазақстан» деп ұрандатты қолдарына ту ұстаған ауыл жастары. Құттықтау сөздер арасында Мәдениет үйінің өнерпаздары асқақтата ән шырқап, күмбірлете күй төкті. Форумға жиналған жұртшылықтың келешекке деген сенімін еселеп, бойларына айрықша бір құлшыныс, ерекше жігер құйғандай болды Елбасының бұл жеңісі! Лайым, ұзағынан сүйіндіргей!

«Тойдың болғанынан, боладысы қызық» демекші, ҚР Президенті сайлауының кезектен тыс өтетіні белгілі болысымен кандидаттарды тіркеу, іріктеу, лингвистикалық комиссияның сынағынан өткізу, сайлау учаскелерін құру, т.б. саяси науқанның алғышарттары тыңғылықты жасалынды. Еліміз бойынша 9741 сайлау учаскесі жұмыс істеді. Алыс-жақын шетелдердегі қазақстандықтар да Елбасымызға ұйымшылдықпен дауыс берді. ТМД елдерін былай қойғанда Қытай, Ұлыбритания, Германия, Чехия, Бельгия, Франция, т.с.с. 65 шетелде сайлау учаскелері жұмыс істеді. Сайлаушылардың белсенділігі

жоғары болып, саяси науқан ел күткендей деңгейде өтті. Бұл орайда, президенттіктен үміткерлердің мүддесін қорғауға бағытталған қоғамдық штабтардың жұмыстарын айрықша атап өткен жөн. Ауданымыздағы «Нұр Отан» партиясының филиалы жанынан құрылып, президенттіктен үміткер Н.Ә.Назарбаевтың кандидатурасын қорғау жөнінде үгіт-насихат жұмыстарын белсенділікпен жүргізген қоғамдық штабқа, аудандық мәслихаттың хатшысы Т.Сейтжанов төрағалық жасады. Оның орынбасары болып Ж.Бабаев және штабтың 13 мүшесі ауданда өт-



кен саналуан іс-шаралардың бел ортасында жүрді. Еңбек ұжымдарымен, ардагерлермен, жастармен, кәсіпкерлермен жылы жүзделер өткізілді аудан аумағындағы елді мекендерде. Ауданда өткен іс-шаралардың барлығы да саяси науқанға арналды. Елдің ниетінің түзу болғанынан ба, Елбасыға деген пейілінің ақтығынан ба, келешекке деген берік сенімнен бе, бәрі де ойдағыдай өтті, әйтеуір!

Сайлау күні аудан аумағында құрылған 30 учаскелік сайлау комиссиялары да ұйымшылдық танытты. Комиссия мүшелерінің саяси науқанға тиянақты даярланғаны, жауапкершілікті терең сезінгендері айқын байқалды. Дауыс беруге келген сайлаушыларды қарсы алу, сайлау бюллетеньдерін ұсыну, арнайы кабинаға кіріп-шығуын қадағалау, шығарып салуда ізет пен мәдениеттілік, инабат пен ибалылық танытты. Мысалы №549 Ұлытау сайлау учаскесінде алғашқылардың бірі болып дауыс берген еңбек, тыл ардагерлері Қаражігіт пен Жамал, Сәрсенбай мен Құлай, Рақым мен Дәметкен қариялар, сайлаушылар Б.Әбдіғалиев, Е.Тойшыбеков, О.Дүйсентаева, А.Доросенко, Ш.Мейрамова, Ф.Амантаева, С.Каримов сайлау учаскесінің жабдықталуына, көрсетілген қызметке ризашылықтарын білдіріп жатты. «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалынан қатысқан бақылаушылар К.Тұрманова, С.Тәшенов, М.Дүкенбаев дауыс берудің ешқандай заңбұзушылықсыз, таза, өз тәртібімен өткізіліп жатқанын жеткізді. Сайлаушылардың жүздерінен шаттық пен қуанышпен қоса, елдің кемел келешегіне, Елбасына деген сенімді байқау қиын емес еді!

Иә, қазақтың тарихы және бір тарихи оқиғамен толықты. Кезектен тыс ҚР Президентінің кезектен тыс сайлауында, Қазақстанды ширек ғасырға жуық басқарып келе жатқан Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев топ жарды. Алаштың «асығы алшысынан түсті», Елбасы өзінің «Нұрлы жолымен», қазақ елінің көшін әрі қарай бастап, «Мәңгілік елге» жеткізетін болды. Қуан, қазақ! Шаттан, Алаш! Қуанатын күнің туды Қой жылы! Қуанышың ұзағынан болсын Алаш жұрты! Алға, Қазақстан! Елімен етене Елбасымен – жаңа жетістіктерге жете берейік!

**Суреттерде:
сайлау науқанының әсерлі сәттері.**

ЖЕҢІС ОҢАЙЛЫҚПЕН КЕЛГЕН ЖОҚ



1941 жылғы сұм фашистердің бейбіт жатқан елімізге жасаған тұтқиыл шабуылын тойтарып, жеңіске жету, елді алапат апаттан қорғап қалу оңайлыққа соққан жоқ. Бұл жолда сан миллиондаған боздақтар құрбан болды. Олардың өздері елі үшін құрбан болғанмен, олардың мақсаты орындалды. Гитлерлік фашистер өз үңгірінде талқандалып, әділдік жеңіп, зұлымдық жойылды. Міне, бұған биыл 70 жыл толып отыр.


Бомбадан ойылған жердің беті бірте-бірте тегістелгенімен, жүрекке салған сол сұрапыл соғыстың жарасы жазылған жоқ. Талай шаңырақтар ортасына түсіп, талай ошақтың оты сөнді. Жар сүйіп, өмірдің қызығын көріп үлгермеген миллиондаған боздақтар қыршынынан қиылды. Миллиондар жесір, балалары жетім қалды. Бұл соғыстың ылаңы орасан болды. Сол соғыста елін, жерін қорғауға Ұлытаудан да мыңдаған азаматтар аттанып, көпшілігі ерлікпен қаза тапты. Талайлар хабарсыз кетті. Ерлікпен қаза тапқандар жат жердің топырағында қалды. Сол сұрапыл соғыста ерлікпен қаза тапқандардың бірі жерлесіміз Жүніс Төленұлы Құлжанов.



Жүніс Төленұлы 1916 жылы 7 қарашада Ұлытау ауданы «Үлгілі» ұжымшарында дүниеге келген. 1919 жылы әкесі Төлен Құлжанов жұмыс бабымен Атбасарға ауысып, сонда көшіп барған. Жүніс осы Атбасардағы орта мектепте оқиды. Бұл мектепті 1931 жылы бітіріп шығады. Бұл өте бір қиын кезең болатын.


отырып, өзінің іскерлігімен көзге түсіп, талантымен танылады. 1937 жылы Балтай Торғаевамен бас қосып, отау тігеді. 1938 жылы Әскер қатарына шақырылады. Сонда жүріп 1942 жылы әскери дайындық курсынан өтіп, осы жылдың қыркүйек айында Ташкент облысы Чирчик қаласынан майданға аттанады. Майданда 198 гвардиялық атқыштар дивизиясында гвардия лейтенанты атағын алып, пулеметшілер взводының командирі болып, ұрысқа кіріседі. 1944 жылдың қаңтар айында болған қиян-кескі соғыста Жүніс Төленұлы ауыр жараланып, Қазан қаласындағы госпитальға түседі. Онда үш айға жуық емделіп, 1944 жылдың наурыз айында қайтадан майданға

аттанып, фашистерге соққы беріп, ерлік көрсетеді. Алайда, қайран боздақ Жеңіс салтанатын көре алмайды. 1945 жылдың 23 қаңтарында елін, жерін қорғауда майдан даласында оқ тиіп, содан қаза табады. Көп жылдар бойы Жүніс Құлжановтың қай жерде қаза тапқаны, қайда жерленгені белгісіз күйінде қалып келді. Жүністің қарындасы Құлзия Құлжанова қайта-қайта СССР Қорғаныс Министріне хат жазып, іздестіруінің нәтижесінде 1975 жылы 27 мамырда СССР Қорғаныс Министрінің кадр бөлімінен (№173 ч/с-123800), Жүніс Төленұлы Құлжановтың Венгриядағы Дунафольдвар деревнясында жерленгені жөнінде хат келді. Ж.Құлжанов майданда жүргенде үзбей хат жазып тұрған. Тіпті ақырғы демі бітер алдында хат



Қызылдардың қылышынан қан сорғалап тұрған, елдің күнкөрісін тартып алып, «асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» деген ұранмен елдің қолындағысын тігерге тұяқ қалдырмай, сыпырып алып жатқан кез болатын. Мұның соңы 1932-33 жылдардағы алапат ашаршылыққа әкеліп соқтырып, қазақты қынадай қырды.

Төлен Құлжанов Ұлытауға қайтадан көшіп келіп, Жүніс мектепке мұғалім болып орналасады. Қисапсыз қиындықтарды жеңе



жазыпты. Бұл хаттардың бірнешеуі аудандық мұрағатта сақталған. Ол хаттарында елге деген, туыс-туғанға, ауылына деген сағынышын, өзінің Отан қорғауға бар күш-жігерін, тіпті қажет болса жанын қиятынын жазады. Бұл хаттарды зайыбы Балтай жинап, сақтап мұрағатқа тапсырған (Балтай 1984 жылы дүние салған).

«Ешкім де, ештеңе де ұмытылмайды» Құлжанов Жүніс Төленұлы ұрпақтар есінде мәңгі сақталады.

**Қарлығаш ІЗТІЛЕУОВА,
Ұлытау ауданы мемлекеттік
мұрағаты мекемесінің
1-сыныпты мұрағатшысы.**

Жер-дүниені дүр сілкінткен соғыс өртінің сөнгеніне биыл 70 жыл. Қуаныш пен қайғы жасы қатар келетін Жеңіс күні мерекесі баршамыз үшін өте қастерлі, аса қымбат. Бұл мереке – жанқияр ерліктің, еңселі елдіктің рухы өрлеп, Жеңіс жалауы желбіреген күн. Шартарапты шарпыған Ұлы Отан соғысы әрбір шаңыраққа, әрбір азаматымыздың жүрегіне қаралы ізін қалдырғаны белгілі. Соғыс жылдары Отан үшін от кешіп, ерлікпен шайқасқан сұрапыл жылдар бүгінгі егеменді еліміздің шежірелі тарихында үлкен орын алып отыр.

АРДАГЕРЛЕРГЕ ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

Альмира МАКСҰТҚЫЗЫ

Ұлы Отан соғысының жылнамасына біздің жерлестеріміз де ерлік беттерін жазып қалдырды. Ұлы Жеңістің 70 жылдық торқалы тойы қарсаңында Қарағанды облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің бастауымен Ұлытау ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасының ұжымы Ұлы



Жезділік Нығмет Маханов Ұлы Жеңістің 70 жылдығы мерекесі қарсаңында келген делегацияға алғысын айтып, бағасын берді. «Біз көрген соғысты сендер көрмеңдер. Тыныштық пен татулықтан асқан бақыт жоқ. Еліміз дами берсін, Елбасымыз аман болсын», - деді Нығмет ақсақал сөз соңында. Ел тұтастығы мен тыныштығы үшін соғысқа аттанып,

Отан соғысының ардагерлері қарсақбайлық Әбдірахман Ербосынұлы, Лисота Адам, жезділік Нығмет Махановты Ұлы Жеңістің 70 жылдық мерекесімен құттықтап қайтты. Басқарма басшысы Жасұлан Жұманбаев және салықтық бақылау бөлімінің басшысы Жасұлан Мұхамбетов бастап барған делегация ардагерлермен сұхбаттасып, сыйлықтарын табыстады. «Құрмет пен ілтипаттарыңа рахмет! Соғыс өрті ешқашан болмасын. Ұрпағымыз аспаны ашық, бейбіт заманда өмір сүрсін. Менің ендігі тілегім сол», - деді Әбдірахман Ербосынұлы. Қарсақбайлық ардагер Лисота Адам денсаулығына байланысты қалалық жерде тұрып жатқандықтан басқарма қызметкерлері сыйлықтарын балаларына тапсырды.



бізге бейбіт күнді сыйлаған қадірлі қарияларымызға біз де ұрпақтарыңыздың арасында шалқып, шаттанып, жас ұрпаққа өшпес ерліктің куәсі болып жүре беріңіздер деп тілектестік білдіреміз.

«70 ЖЫЛ БЕҮБІТ КӨКТЕМ ТАҢ АТҚАЛЫ»

Осындай тақырыпта Ұлы Жеңістің 70 жылдығына орай, кент кітапханашысы мен Жастармен жұмыс жасау инспекторының ұйымдастыруымен кентіміздің Ұлы Отан соғысы және тыл ардагерлерін құрметтеп, таныстыру мақсатында жастармен дөңгелек стол ұйымдастырылды.

Дөңгелек стол барысында кент кітапханашысы Жансұлу Омарова ерлік пен батылдық туралы, Ұлы Отан соғысы жылдарында Қазақстан халқының майданда және тылда көрсеткен еңбектері жайында баяндама жасады. Ұлы Отан соғысына Қазақстаннан 1366164 адам қатысты. Ал, мұның 601011-і елге оралмады. Қаза тапқандары 29696, мұның ішінде хабарсыз кеткендер 271503, госпитальда көз жұмғандары 42766. Тұтқыннан оралмағандар 7045. Қазіргі таңда кентімізде Ұлы Отан соғысы ардагерлері А.Ербосынұлы мен А.Лисота және тыл ардагерлері М.Әбілдинов, А.Әлиев, Т.Мұқанов, С.Нұрмағанбетов, С.Телбаев, Д.Молдахметов, Қ.Биназаров сияқты аталарымыз ұрпақ тәрбиелеп, бейбіт өмірде ғұмыр кешуде. Жиынға сондай-ақ, соғыс және тыл ардагерлерінің ұрпақтары шақырылып, батыр



аталары жайында мағлұматтар айтылды. Тыл ардагерлері Аяш Алиевтің баласы Ерлан Алиев пен Қазыбай Биназаровтың немересі Жандос Қазыбаев ардагер аталарымыздан естігендерін, соғыс жайында оқығандарымен бөлісті. Жиынға қатысушы жастар да өздерінің оқып, білгендерін айтып, өзара пікір алмасып, бір-біріне «ешқашан соғыс болмасын, бейбіт елде өмір сүрейік», - деген тілектерін білдірді.

Кеш соңында барлық қатысушылар естелік суретке түсіп, осындай жиындар жалғасын тапсын деген ниетпен тарқасты.

А.ТОҚМЕТОВА.

«Ұлытау ауданының Ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», 2000 жылғы 27 қарашадағы «Әкімшілік рәсімдер туралы» Заңдарына және Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 29 қазандағы № 410 «Қазақстан Республикасы мемлекеттік органының үлгі ережесін бекіту туралы», 2013 жылғы 7 наурыздағы № 523 «Мемлекеттік қызметшілер лауазымдарының тізілімін бекіту туралы» Жарлықтарына сәйкес, Ұлытау ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- Қоса берілген «Ұлытау ауданының Ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің Ережесі бекітілсін.
- Осы қаулының орындалуын бақылау Ұлытау ауданы әкімі аппаратының басшысы Уткельбаев Ерлан Сериковичке жүктелсін.
- Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Х. ОМАРОВ

Ұлытау ауданы әкімдігінің
2015 жылғы 23 ақпандағы
№ 06/02 қаулысымен бекітілген

«ҰЛЫТАУ АУДАНЫНЫҢ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелер

1. «Ұлытау ауданының Ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Мемлекеттік мекеме) ауыл шаруашылық саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Мемлекеттік мекеме өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Мемлекеттік мекеме Мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. Мемлекеттік мекеме азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. Мемлекеттік мекеме егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

6. Мемлекеттік мекеме өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік мекеме басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. Мемлекеттік мекеменің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

8. Заңды тұлғаның орналасқан жері: 101500, Қазақстан Республикасы, Қарағанды облысы, Ұлытау ауданы, Ұлытау селосы, Абай көшесі 27.

9. Мемлекеттік органның толық атауы:

мемлекеттік тілде - «Ұлытау ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесі;

орыс тілінде – государственное учреждение «Отдел сельского хозяйства Улытауского района».

10. Осы Ереже Мемлекеттік мекеменің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Мемлекеттік мекеменің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Мемлекеттік мекемеге кәсіпкерлік субъектілерімен Мемлекеттік мекеменің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Мемлекеттік мекемеге заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Мемлекеттік органның миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

13. Мемлекеттік мекеменің миссиясы:

аграрлық сектордың даму концепцияларын, жобалау тенденцияларын талдауын жүзеге асыру және оның келешегін анықтау және нарықтық қарым-қатынас шарттарында ауданда аграрлық саясатты жүргізу.

14. Міндеттері:

1) бәсекеге қабілетті ауыл шаруашылығы өнімін және оның қайта өңдеу өнімдерін өндірудің экономикалық жағдайларын жасау;

2) мемлекеттің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

3) заңнамамен жүктелген басқа да міндеттерді жүзеге асыру.

15. Функциялары:

1) агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңына және осы саладағы басқа да нормативтік құқықтық актілерге сәйкес мемлекеттік қолдауды жүзеге асыру;

2) агроөнеркәсіптік кешен мен ауылдық аумақтар саласында жедел ақпарат жинауды жүргізу және оны аудандық жергілікті атқарушы органына (әкімдігіне) беру;

3) тракторларға және олардың базасында жасалған өндірінен жүретін шассилер мен механизмдерге, монтаждалған арнайы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелеріне, өндірінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерге, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарға ауыртпалықтың жоқ (бар) екендігі туралы ақпарат ұсыну;

4) асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы субъектілерден асыл тұқымды мал туралы деректер жинауды жүзеге асыру;

5) көрмелер мен жәрмеңкелер ұйымдастыруды жүзеге асыру;

6) әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына рұқсат етілген шекті бөлшек сауда бағалары мөлшерінің сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

7) қатынаста әкімгер болып табылатын бюджеттік бағдарламалар нәтижесіне жету және орындау, негіздеу, жоспарлау;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асыру.

16. Құқығы және міндеттері:

1) өз функцияларын орындау мақсатында белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардан, лауазымды тұлғалардан және басқа да ұйымдардан қажетті құжаттарды, ақпараттарды сұрау және алу;

Об утверждении

Положения государственного учреждения

«Отдел сельского хозяйства Улытауского района»

В соответствии с Законами Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», от 27 ноября 2000 года «Об административных процедурах» и Указами Президента Республики Казахстан от 29 октября 2012 года № 410 «Об утверждении Типового положения государственного органа Республики Казахстан», от 7 марта 2013 года № 523 «Об утверждении Реестра должностей государственных служащих», акимат Улытауского района **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Утвердить прилагаемое Положение государственного учреждения «Отдела сельского хозяйства Улытауского района».

2. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на руководителя аппарата акима Улытауского района Уткельбаева Ерлана Сериковича.

3. Настоящее постановление вводится в действие со дня первого официального опубликования.

Аким района

Х. ОМАРОВ

Утверждено постановлением акимата
Улытауского района
от 23 февраля 2015 года № 06/02

ПОЛОЖЕНИЕ ГОСУДАРСТВЕННОГО УЧРЕЖДЕНИЯ «ОТДЕЛ СЕЛЬСКОГО ХОЗЯЙСТВА УЛЫТАУСКОГО РАЙОНА»

1. Общие положения

1. Государственное учреждение «Отдел сельского хозяйства Улытауского района» (далее – Государственное учреждение) является государственным органом Республики Казахстан, осуществляющим руководство в сфере сельского хозяйства.

2. Государственное учреждение осуществляет свою деятельность в соответствии с Конституцией и законами Республики Казахстан, актами Президента и Правительства Республики Казахстан, иными нормативными правовыми актами, а также настоящим Положением.

3. Государственное учреждение является юридическим лицом в организационно-правовой форме государственного учреждения, имеет печать и штампы со своим наименованием на государственном языке, бланки установленного образца, в соответствии с законодательством Республики Казахстан счета в органах Казначейства.

4. Государственное учреждение вступает в гражданско-правовые отношения от собственного имени.

5. Государственное учреждение имеет право выступать стороной гражданско-правовых отношений от имени государства, если оно уполномочено на это в соответствии с законодательством.

6. Государственное учреждение по вопросам своей компетенции в установленном законодательством порядке принимает решения, оформляемые приказами руководителя Государственного учреждения и другими актами, предусмотренными законодательством Республики Казахстан.

7. Структура и лимит штатной численности Государственного учреждения утверждаются в соответствии с действующим законодательством.

8. Местонахождение юридического лица: 101500. Республика Казахстан, Карагандинская область, Улытауский район, село Улытау, ул. Абая 27.

9. Полное наименование государственного органа:

на государственном языке – «Ұлытау ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесі;

на русском языке - государственное учреждение «Отдел сельского хозяйства Улытауского района».

10. Настоящее Положение является учредительным документом Государственного учреждения.

11. Финансирование деятельности Государственного учреждения осуществляется из местного бюджета.

12. Государственному учреждению запрещается вступать в договорные отношения с субъектами предпринимательства на предмет выполнения обязанностей, являющихся функциями Государственного учреждения.

Если Государственному учреждению законодательными актами предоставлено право осуществлять приносящую доходы деятельность, то

доходы, полученные от такой деятельности, направляются в доход государственного бюджета.

2. Миссия, основные задачи, функции, права и обязанности государственного органа

13. Миссия Государственного учреждения:

реализация концепций развития аграрного сектора, анализа тенденций прогнозирования и определения его перспектив и проведение аграрной политики в районе в условиях рыночных отношений.

14. Задачи:

создание экономических условий производства конкурентоспособной сельскохозяйственной продукции;

2) обеспечение продовольственной безопасности;

3) осуществление иных задач, возложенных законодательством.

15. Функции:

1) осуществление государственной поддержки субъектов агропромышленного комплекса в соответствии с Законом Республики Казахстан от 8 июля 2005 года «О государственном регулировании развития агропромышленного комплекса и сельских территорий» и другими нормативными правовыми актами в данной сфере;

2) проведение сбора оперативной информации в районе агропромышленного комплекса и сельских территорий и представление ее местному исполнительному органу (акимату) района;

3) представление информации об отсутствии (наличии) обременений тракторов и изготовленных на их базе самоходных шасси и механизмов, прицепов к ним, включая прицепы со смонтированным специальным оборудованием, самоходных сельскохозяйственных, мелиоративных и дорожно-строительных машин и механизмов, а также специальных машин повышенной проходимости;

4) осуществление сбора данных о племенных животных от субъектов в области племенного животноводства;

5) осуществление организации выставок и ярмарок;

6) осуществление государственного контроля за соблюдением размера предельно допустимых розничных цен на социально значимые продовольственные товары;

7) планирование, обоснование, реализация и достижение результатов бюджетных программ, в отношении которых является администратором;

8) осуществление иных функций, установленных законодательством Республики Казахстан.

16. Права и обязанности:

1) запрашивать и получать в установленном порядке от государственных органов и должностных лиц, иных организаций информацию, необходимые документы для выполнения своих функций;

(Продолжение на 5 стр).

(Жалғасы 5-бетте).



ОҚУШЫЛАРДЫ ПАТРИОТТЫҚҚА ТӘРБИЕЛЕУ – БАСТЫ МАҚСАТ

Ғасырлар бойы халқымыз ұрпағын ізгілікке, өз елін сүйге баулып келеді. Бұл берік қалыптасқан дәстүрді ұлттық тәрбиенің өзегі, діңгегі десе де болады. «Атаның ұлы болма, адамның ұлы бол» дей келіп, адамның ұлы болуы үшін кісіге «нұрлы ақыл, ыстық қайрат, жылы жүрек» керектігін ұлы Абай да еліне өсиет етіп кетті. Бұл өсиет, пікірлер бүгінгі мектебімізде жеке тұлғаны патриотизм рухында тәрбиелеудің темірқазығы. Әр дәуірдің тарихи кезеңдерінде отансүйгіштікке тәрбиелеудің өзіндік мүдделері болады. Ол ең алдымен «ұлтжандылық, отансүйгіштік, патриотизм» ұғымдары сол заманның ақиқатынан, наным-сенімінен туындайды. Отанға деген сүйіспеншілік бойындағы күш-қуаты мен білімін Отан игілігі мен мүддесіне жұмсау, туған жерін, ана тілін, елдің әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрін құрметтеу сияқты патриотизм элементтері ерте заманнан бастап қалыптаса бастады. «Отан» деген сөз әуелде көшпелі өмір сүрген ата-бабаларымыздың от жағып, тіршілік еткен ұясы деген ұғымнан шықса керек.

Отан үшін от пен оққа кеудесін тосқан Бауыржан ата «Отан үшін отқа тұс, күймейсің» деп өсиет қалдырған. Осындай Отанын сүйген және ол сезімнен қуат алған, ел қорғаны болған перзенттері бар елдің алар асуы мен шығар белесі әлі алда. Олай болса, осы жерді жан-тәнімен сүйетіндер де оны көздің қарашығындай қорғап, сақтайтындар да отансүйгіштік рухта тәрбиеленген жастар болып табыла-

ды. Біздің ата-бабаларымыз Алтайдан Атырауға, Еділ мен Жайыққа дейінгі ұлан-ғайыр мол жерді талай ғасырлар бойы басқыншы жаудан қорғап, бостандық пен тәуелсіздік жолында жанын пиде етті. Сондықтан да біздер халқымыздың қас батырлары Қабанбай мен Бөгенбайды, Исатай мен Махамбетті, Кенесары мен Наурызбайды, Райымбек пен Қарасайды, Қасым мен Абылай ханды қадір тұтып, қастерлейміз. Олардың халқы үшін қалтқысыз қызмет еткенін үлгі-өнеге етіп, осындай ата-бабаларымыздың болғанын мақтан етеміз.

Өз Отанын сүйетін ұрпақ тәрбиелеу мектептегі әскери патриоттық жұмыстың басты өзегі болуы керек. Өйткені кез-келген егеменді мемлекет сияқты Қазақстан өзінің қорғаныс қабілетін сақтауды маңызды мемлекеттік міндеттердің бірі және бүкіл халықтың ісі деп санайды. Қарулы күшіміздің алдыңғы сапында қазақ жастарының тұруы, олардың бір кісідей ынтымақпен топтасуы, Ата Заңымызда көрсетілген қасиетті борышын, перзенттік парызын орындауды – Отанымызға, атамекенге деген сүйіспеншіліктің негізгі мазмұны, имандылық пен кісіліктің негізгі белгісі мен басты өлшемі. Патриоттық сезімді жастарға мәнді және мағыналы сусындату үшін алғашқы әскери дайындық пәні жетекшісінің білім, тәжірибесі мол және жоғары болуы тиіс. Ізденіс үстіндегі әскери жетекші қай кезде де болсын жастарға үйретуден жалықпайды. Жеткіншек Отан алдындағы борышын өтеуге барғанда осы мектеп қабырғасында, дәлірек айтсақ, алғашқы әскери



дайындық сабағында алған теория және практикасы толық болса әскери істің қиындығына төзуге, тез үйреніп кетуге көп көмегін тигізеді.

Жезді аралас орта мектеп-интернатында алғашқы әскери дайындық жүргізіп келе жатқан мерзім кезінде мен көбінесе практикалық сабақтарға көп көңіл бөлуге тырысамын. Әрине, теориясыз еш нәтиже болмайды. Оқушылардың қабылдау қабілеті бірдей болмағандықтан кей бала айту, әңгімелеу, лекция түрінде тез қабылдаса, ал кей оқушы көру қабілеті арқылы тез үйреніп алады. Сондықтан «мен сияқты жаса, менен де жақсы жаса» деген қағиданы ұстануды жөн көрдім. Негізінен оқу-дала жиынының көп

көмегі тиді. Осындай жиын қысқа мерзім ішінде көп шығатындықтан әскери іс-қимылдар, жаттығуларды қысқартып үйретуге тура келеді. Оқу, материалдық база мектеп жанында болғанымен мектептен тыс жерде де қажетті базаны қолдан жасап, ой-қыраттарды, жер, су өткелдерін кедергі ретінде қолданып, оқушыларға үйретудің маңызы зор. Жасанды мен табиғи кедергілердің айырмашылығы жер мен көктей, негізінен ауылдан тыс жерде орналасқан дала лагеріне жеткенге дейін де әуе шабуылы, химиялық, биологиялық шабуылдан қорғану жаттығуларын өткізу, уақыт жағынан да жер жағдайында да өте тиімді. Ұлдарды шыңдауға, ауызбірлікке, қандай жағдай болмасын досын қиындыққа тастамауға, «Бәріміз біріміз үшін, біріміз бәріміз үшін!» қағидасын ұстануға үйретеді. Сондықтан осындай іс-шараларды көріп-білгеннен кейін де және оқу-дала жиынына қатысқан оқушылар кейін әскери іске бар ынта-жігерімен беріліп, қатысып отырады. Жоғарыда айтылып кеткендей, оқушыны ынталандыру, қызықтыру – ол әскери жетекшінің қолында. Болашақта орталықтандырылған оқу-дала жиыны өтіп жатса, взвод көлемінде ғана емес рота, батальон құрамында оқушыларға масштабты әскери іс-қимыл жаттығулар көрсетілсе, ынта үстіне ынта болар еді деген ойдамын.

Нариман БІРІМЖАНОВ,
Жезді аралас орта мектеп-интернаты
АӘД пәнінің жетекшісі.

(Соңы. Басы 4-бетте).

2) өз құзырына жататын мәселелерді шешуді қарау жөнінде аудан әкімдігіне ұсыныстар енгізу;

3) шаруа (фермер) қожалықтары және басқа да ауыл шаруашылық құрылымдарына қажетті жағдайда әдістемелік, ұйымдастырушылық, экономикалық және құқықтық көмек көрсетуге;

4) Мемлекеттік мекеменің міндетіне кіретін мәселелер бойынша бекітілген тәртіпке сәйкес семинарлар, кеңестер, жиыныстар өткізуге;

5) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалармен ұсынылған басқа да құқықтарды пайдаланады.

3. Мемлекеттік органның қызметін ұйымдастыру

17. Мемлекеттік мекемеге басшылықты Мемлекеттік мекемеге жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

18. Мемлекеттік мекеменің бірінші басшысын аудан әкімі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

19. Мемлекеттік мекеменің бірінші басшысының өкілеттігі:

1) өз құзыретінің шегінде бұйрықтар, нұсқаулар шығарады және Мемлекеттік мекеменің барлық құрылымдық бөлімшелермен орындалуға міндетті нұсқаулар береді, келісім-шарттарды жасайды;

2) Мемлекеттік мекеменің құрылымдық бөлімдері туралы Ережені бекітеді;

3) Мемлекеттік мекеменің қызметшілерін жұмысқа тағайындайды және жұмыстан босатады, олардың міндеттері мен өкілеттілігін анықтайды;

4) заңнамаға сәйкес барлық органдар мен ұйымдарда Мемлекеттік мекеме атынан шығуға өкілетті;

5) Мемлекеттік мекеменің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша аудан әкіміне бекітілген тәртіпке сай шешімдер мен қау-

лылар жобасын ұсына алады;

6) заңмен белгіленген тәртіппен Мемлекеттік мекеменің қызметкерлеріне тәртіптік жаза қолданады;

7) құжаттардың орындау барысын ұйымдастырады және бақылауын жүргізеді, олардың сақтығына жауап береді;

8) сыбайлас жемқорлықтың барлық түріне қарсы әрекет жасау жұмыстарын ұйымдастырады;

9) сыбайлас жемқорлыққа қарсы жасалатын әрекетке жеке басы жауапты;

10) қолданыстағы заңнамада көрсетілген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Мемлекеттік мекеменің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

4. Мемлекеттік органның мүлкі

20. Мемлекеттік мекеменің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

21. Мемлекеттік мекеменің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

22. Мемлекеттік мекемеге бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

23. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Мемлекеттік мекеме өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

24. Мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

(Конец. Начало на 4-стр).

2) вносить на рассмотрение акима и акимата района предложения по решению вопросов, относящихся к его компетенции;

3) оказывать на местах, и при обращении необходимой методической, организационной, экономической и юридической помощи крестьянским (фермерским) хозяйствам и другим сельхозформированиям;

4) проводить в установленном порядке семинары, совещания, советы по вопросам входящим в компетенцию;

5) пользоваться иными правами, предоставленными действующим законодательством Республики Казахстан.

3. Организация деятельности государственного органа

17. Руководство Государственного учреждения осуществляется первым руководителем, который несет персональную ответственность за выполнение возложенных на Государственное учреждение задач и осуществление им своих функций.

18. Первый руководитель Государственного учреждения назначается на должность и освобождается от должности акимом района. 19. Полномочия первого руководителя Государственного учреждения:

1) в пределах своей компетенции издает приказы и дает указания, обязательные для исполнения всеми специалистами Государственного учреждения, заключает договора;

2) утверждает Положения о структурных подразделениях Государственного учреждения;

3) назначает на должность и освобождает от должности работников Государственного учреждения, определяет их круг обязанностей и полномочий;

4) представляет Государственное учреждение в соответствии с действующим законодательством;

5) вносить в установленном порядке на рассмотрение акима района проекты решений и распоряжений по вопросам, входящим в компетенцию Государственного учреждения;

6) в установленном законодательством порядке налагает дисциплинарные взыска-

ние на сотрудников Государственного учреждения;

7) организует и осуществляет контроль за ходом исполнения документов, несет ответственность за их сохранность;

8) организует работу по противодействию коррупции во всех ее проявлениях;

9) несет персональную ответственность по противодействию коррупции;

10) осуществляет иные полномочия в соответствии с действующим законодательством.

Исполнение полномочий первого руководителя Государственного учреждения в период его отсутствия осуществляется лицом, его замещающим в соответствии с действующим законодательством.

4. Имущество государственного органа

20. Государственное учреждение может иметь на праве оперативного управления обособленное имущество в случаях, предусмотренных законодательством. 21. Имущество Государственного учреждения формируется за счет имущества, переданного ему собственником, а также имущества (включая денежные доходы), приобретенного в результате собственной деятельности и иных источников, не запрещенных законодательством Республики Казахстан.

22. Имущество, закрепленное за Государственным учреждением, относится к коммунальной собственности. 23. Государственное учреждение не вправе самостоятельно отчуждать или иным способом распоряжаться закрепленным за ним имуществом и имуществом, приобретенным за счет средств, выданных ему по плану финансирования, если иное не установлено законодательством.

5. Реорганизация и упразднение государственного органа

24. Реорганизация и упразднение Государственного учреждения осуществляются в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

1 мамыр — Қазақстан халқының бірлігі күні

Ел Президенті Н.Назарбаев: «Қазақ халқының ынтымағы мен бірлігі мықты болмайынша мемлекетіміздің тұтастық келбетін сақтау мүмкін емес» деген еді. Қазақстанда барлық ұлт өкілдері мемлекетіміздің тыныштығын, халықтың бірлігін сақтап, еліміздің экономикасын, мәдениетін дамытуға үлес қосып отыр, сондықтан «1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні» деп аталады.

Қайрат ЖҰМАБАЕВ

ҰЛТЫ ШЕШЕН — ПЕЙІМІ ҚАЗАҚ



Осы мереке қарсаңында қазақ ұлтының өзге ұлт өкілдерімен тыныс-тіршілігін, ынтымақтастық, достығын білу мақсатында қалам тербегіміз келді. Ақылға жүгініп, ойымызды таразылай келе №1 Ұлытау орта мектебіндегі ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Патимат Осканованың үйіне қарай атбасын бұрдық. Мерекелік көңіл-күймен келе жатқан біздің шақта айымыз оңынан туды, дәл пәтердің кіреберісінде Патиматты жолықтырдық. Өзге ұлт өкілі шешен қызы деп ойлағанымыз-

атанды. Апасы (марқұм) Розаның балаларын бауырына басып, аналық мейірімділігін көрсетіп келе жатқан «Күміс алқалы» ардақты ана, ұлағатты ұстаз, немере сүйген асыл әже. Тұңғышы – Әлихан Жезқазған қаласында кен инженері, Қазыбегі – магистратурада оқиды. Одан кейінгі ұлы Максим мектепті үздік бітіріп, «Алтын белгі» иегері атанды. Бүгінгі күні Бекханмен екеуі Қазақ Ұлттық Университетінің студенттері. Үкідей үкілеген екі қызы Липхан



бен, бірақ оның өн бойынан кәдімгі қазақ әйелінің биязы, байсалды кейпін көрдік. Бірден қонақжайлылық танытып, құрмет көрсетті. Әңгімеміз ескі таныстардай әрби түсті. Оның сөйлеген әр сөзінен қазақы болмыстың лебі сезіліп, қазақ тілінде еркін кесіле сөйлеп, ұлтымыздың салт-дәстүрін, өдет-ғұрпын бойына сіңірген салиқалы, салмақты ананың бейнесін байқатты. «Түркі тектес түбі бір» шешен қызы әсерлі әңгімесін жіпке тізген моншақтай төгілдіре бастады.

—Әкеме (марқұм) бір кезде айтқан едім, өстік, жетілдік, оқыдық, енді қалаға барып тұрайық деген ұсынысымды білдірген болатынымын, бірақ әкем қоштамады, сенің Отаның Қазақстан, туған жерің Ұлытау, қайта өзің осы елдің келешегіне үлес қос дегені әлі есімде, бұл — әке аманаты ғой, деп еске алды.

Неткен қарапайымдылық десеңші! Әкесі — Сұлтанхамит Осканов 1941 жылы Ұлытауға қоныс аударылып, отбасын құрды. Патимат осы өлкенің тумасы, осы өңірде өсіп-өнді. Бүгінгі Тәуелсіздігіміздің жарқын көрінісін Ұлытауда қарсы алып, алты баланың анасы

мен Залихан мектеп оқушысы. Бәрінен де балдан тәтті немересі Салимат көз қуанышы. Бұл отбасының айдарлы ұлдары, шырайлы қыздары спортқа бейім, білімге құштар жандар. Тамырын тереңге жайған берекелі отбасы.

Ал, екінші қырынан қарағанда «жақсыда жаттық жоқ» дегендей, көрші-көлеммен сыйластығы тіпті ерекше. Көршісі Әйгерім апаймен бір отбасының мүшелеріндей араласып, «тонның ішкі бауындай» қоян-қолтық жақындасып, туыстай болып кеткен. Құрбысы З.Байжақанова осы үйдің жанашыры. Қазақпен біте қайнасып, бірге өскен П.Осканованың отбасы Ұлытау өлкесіне үлгі боларлықтай.

«Отан — отбасынан басталады» демекші, жанұяның береке, бірлігі Ұлытау шырдарындай асқақтап тұр. Қазақстан халқының ынтымағы мәңгі жасап, Тәуелсіздігіміздің Көкбайрағы көгілдір аспанымызда желбіреп, бірлігіміз арта берсін деген оймен сөзімізді түйіндедік. Ұлты шешен — жүрегі қазақ деп, соққан Патимат Осканова Ұлытаудың мақтанышы.



ЫРЫС АЛДЫ - ЫНТЫМАҚ

Дана халқымыз қашанда қара сөздің қаймағын қалқып, майын шығарып сөйлеген. Бұл сөздер кейінгі ұрпаққа өшпес мұра болып қалған. Қанша жыл, қанша ғасыр өтсе де аталы сөз маңызын жоғалтпай, үлгі-өнеге болып қала берген. Сондай аталы сөздің бірі «Ырыс алды — ынтымақ». Ынтымақ, бірлік, татулық болған жерде береке болады.

Міне, бүгін 1 мамыр — Қазақстан халқы бірлігінің мерекесі. Көпұлтты Қазақстан халқы бір анадан туып, бір ананы емгенде ынтымақ бірлігі жарасып, тату-тәтті өмір өткізуде. Мұның өзі ҚР Тұңғыш Президенті, Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың кеменгер басшылығының, кемел саясатының арқасы. 26 сәуірде өткен сайлауда Қазақстан халқы Елбасы Н.Назарбаевтың ісіне шексіз берілгендігін, болашаққа шүбәсіз сенетіндігін тағы да айқын көрсетті. ҚР Президенттігіне кандидаттар ішінен Н.Назарбаевты таңдауы бұл елдің Елбасына деген шексіз сенімі екені айтпаса да белгілі.

Біздің халқымыз қашанда бірлігі, ынтымағы мықты, Отанына шексіз берілген, Көк тудың астына тығыз топтасқан халықпыз. Ал ұлтымыздың көшесіз көне астанасы болған, Ұлт ұясы — Ұлытау бірлік пен елдіктің, ерліктің басталған қасиеті қара шаңырағы. Кешегі қызылдың қылышынан қан тамып тұрған кездің өзінде ұлттық құндылықтарымыз, ұлттық ерекшеліктеріміз сақталған.

Аудан халқы 26 сәуірдегі сайлауда сол үрдістен таймай асқан ұйымшылдық, ауызбірлік көрсетті. Елбасымыз өзінің «Нұрлы жол — болашаққа бастар жол» атты халыққа Жолдауында «Ел бірлігі — біздің барша табыстарымыздың кілті» деп айрықша атап көрсетті. Олай болса халқымыздың бірлігі нығая берсін. Елбасы салған «Нұрлы жолмен» жарқын болашаққа қарай қарышты қадам баса берейік!

Мереке құтты болсын, халайық!

Мағзұмбек МАШАЙЫҚҰЛЫ,
еңбек ардагері, Ұлытау ауданының
Құрметті азаматы.

ҚАЗАҚСТАН – БІЗДІҢ ОРТАҚ ОТАНЫМЫЗ!

Бүгін елімізде 1 мамыр — Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесін атап өтуде. Бұл мемлекеттік мерекенің көпұлтты Қазақстан үшін маңызы ерекше. 130-ға жуық ұлт пен ұлыстың өкілдері тату-тәтті ғұмыр кешіп жатқан елімізде, осыдан тура 20 жыл бұрын Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың ұйытқы болуымен Қазақстан халықтарының Ассамблеясы (ҚХА) құрылған болатын. Содан бері аталған Ассамблея Қазақстандағы тұрақтылық пен этносаралық, діни конфессияаралық келісімді сақтауда аса маңызды жұмыстар атқарып келеді. Осыдан бір апта ғана бұрын өткен ҚР-ның Президентін сайлауын кезектен тыс өткізу туралы бастаманы көтерген де ҚХА-ның Саяси кеңесі еді. Президент сайлауы өте жоғары деңгейде өткізіліп, Президенттіктен үміткер Н.Ә.Назарбаев жеңіске жеткені мәлім. Енді Елбасымыздың «Нұрлы жолымен» бүгінде бүкіл әлем жұртшылығы мойындаған Тәуелсіз Қазақстанды одан әрі дамытып, өркениетті 30 елдің қатарына шығару, сөйтіп «Мәңгілік елге» айналдыру міндеті тұр. Татулықты ту етіп, ынтымағы жарасқан, бірлігі бекем көпұлтты еліміздің, Ұлт көшбасшысы Н.Ә.Назарбаевтың басшылығымен бұл белесті де бағындырары анық!

Біздің ата-бабаларымыз аласапыран заманда еріксіз қоныс аударылғандардың бірі. Қазақ топырағына табандары тиісімен, жергілікті ұлт

өкілдерімен, яғни, қазақтармен біте қайнасып кетеді. Қолындағы барымен бөлісіп, төріне шығарған қазақ ұлты өзге ұлт өкілдерін өгейсімей, бауырларына тартқан. Ата-бабаларымыз жергілікті ұлтпен бірге еңбек еткен, «тонның ішкі бауындай» аралас-құралас болып кете барады. Тіпті қыз алысып, қыз беріскен құда-құдандалы болғандар да баршылық. Осының барлығы қазақ халқының бауырмалдығын, кішіпейілділігін көрсетсе керек. Әйтеуір, қазақ еліндегі өзге ұлт өкілдерін кемсіту, құқығын шектеу, алалау сияқты іс-әрекеттерді көрген де, естіген де емеспіз. Біз ұзақ жылдар бойы ұрпақтарымызбен бірге киелі мекен — Ұлытауда ғұмыр кешудеміз. Қазақ ұлты пейілінің кеңдігіне, ниетінің тазалығына, бауырмалдығына шексіз ризашылығымызды білдіреміз. Алмағайып заманда ата-бабаларымыздың Қазақ еліне қоныс аударғандарына еш өкінбейміз. Өйткені бізді бақытты еткен, бейбіт өмір сыйлаған — Қазақ елі. Қазақстан — біздің ортақ Отанымыз!

Мен бүгін жерлестерімді 1 мамыр — Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесімен құттықтаймыз. Әрбір жанұяға зор денсаулық, молшылық, мол бақыт тілейміз. Бірлігіміз мәңгілік болсын, қадірлі жерлестер!

Виктор КРЮКОВ,
«Ұлытау» ұлттық мұражайының
қызметкері.

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ МАРАФОНЫ ӨТКІЗІЛДІ

Кайрат ЖҰМАБАЕВ



Ұлытау ауданы әкімдігі және «Арша Фаранд» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен Ұлы Жеңістің 70 жылдығына арналған «Бірінші болу батылды» атты қайырымдылық марафоны өтті. Марафонға 12 жастан бастап, 35 жастан асқан ерлер мен әйелдер, қыздар қатысты. Қатысушылар өз жүрек қалауымен 500 теңге көлемінде бастапқы жарнасын төлеп, марафонға қатысуға жолдама алды. Жарысқа қатысушылар аудан орталығынан 4 шақырым, 10 шақырым қашықтықта жарысып, сынға түсті. Осы жарыста 12-14 жас аралығындағы ұлдар мен қыздар арасынан Н.Мырзабеков, Б.Байшат, С.Жанкелді, Ж.Төлегенова, Э.Жарылқасын, Д.Мирова-лар жүлделі орындарды иеленді. Ал, 15-17 жас шамасындағы қыздардан Ж.Көпеш, М.Ақылбекова, М.Рахмания жеңімпаз атанса, ұлдардан Ә.Өбдірайым, Ә.Аманжол, Е.Қазқан оза шауып бәйге

байқалды. Олар: А.Баймағанбетов, Б.Төлеуов, Ж.Оразбаев, А.Тоқтамысова, К.Есмағанбетова, А.Белецкаялар нағыз өрен жүйріктер екенін байқатып,



маңдайы жарқырап жарыста дес бермеді.

Жеңімпаздарды аудан әкімі Хамит Омаров салтанатты түрде құттықтап, арнайы бағалы сыйлықтармен марапаттады.

Қайырымдылық марафонынан түскен қаржы тасқын судан зардап шеккен Сарысу селосындағы қараша халыққа көмек ретінде жіберіледі.

Марафонға Жезді кентінен, Ұлытау, Шеңбер, Терісаққан селоларынан қайырымдылыққа қолын созған 100-ге тарта спортсүйер қауым қатысты. Бұл ауданда өткізіліп отырған бірінші қайырымдылық марафоны.

алды. Одан соң 18-35 жас деңгейіндегі ерлер мен әйелдер арасындағы жарыста А.Әбдіхалық, Б.Құрманғалиев, А.Төлеухан және Ж.Тұрсын, Қ.Төлеш, Ж.Сексенбаевалар жарыстың алдын бермеді. 35 жастан асқан ерлер мен әйелдердің арасынан шашасына шаң жұқтырмайтын желаяқтар



Бәрекедi!

Ізтай БЕЛГІБАЙҰЛЫ

Газетімізде бұдан бұрын да хабарланғанындай 23-24 сәуір күндері қоңсылас жатқан Сәтбаев қаласында жас ақындардың облыстық айтысы өтті. Ұлы Жеңістің 70 жылдығы мен Қазақ хандығының 550 жылдығын арқау еткен бұл жыр додасына Қарағанды, Жезқазған, Сәтбаев, Теміртау, Шахтинск қалалары мен Ұлытау, Жаңаарқа, Шет, Бұқар жырау аудандары аймақтарының аманаттарын арқалап келген, суырыпсалма жас ақындар өз өнерлерін көрсетті.

— Сан ғасырғы асыл сөзден маржан шашып, шеберлік өнердің шыңы болып бағаланып келген айтыс өнері ХХІ ғасырда да өз мәртебесін жойған емес. Кешегі, аттың жалында, түйенің қомында жүріп ханнан қараның есесін алып беріп жүрген от ауызды, орақ тілді ақын бабаларымыздың жарқын ісі жалғасып, ұлттық өнеріміз заман өткен сай-

Ең тартысты айтыс ақындардың екінші айналымы болды. Басынан сөз асырмайтын ақындық қасиетке сай сөз сайыстырған жас қырандар бүгінгі әлемдік саяси сахнадағы ахуалды да жырларына арқау ете отырып бірлік пен ынтымақтың қасиетін де елге ұқтырып өтті. Айтыстың ақтық сыны осылайша халыққа ерекше көңіл-күй сыйлады.

БАС БӘЙГЕ ҰЛЫТАУДЫҢ ҰЛАНЫНДА



ын жасарып келеді. Жоғары рухпен шынайы таланттан туған кез-келген жанның жүрегінен орын алып, селт еткізер суырып салма айтыс ақындардың басын біріктіріп, осындай сөз сайыстыру жаңаша бір қырынан да танылуда. Бұл жолғы айтысты сондай бір жыр сайысының санатына жатқызуға болар еді. Сол ұлттық өнерімізге өздеріңіз қолдау көрсетіп бүгін залды толтырып, елінің үмітін арқалап келген жас берендерге шабыт беріп отырсыздар. Бұл бір жағынан Кеншілер қаласының абыройын да асқақтатып отыр, — деді айтыстың шымылдығын ашқан қала әкімі Әнуар Омар.

Бұдан кейін тоқсаныншы жылдардағы аламан айтыстарда топ жарып, Жезқазған-Ұлытау аймағының айбары болған, айтыста «Дәри-дайымен» танылған суырыпсалма ақын Мұқаш Сейітқазы жыр-дан шашу шашып, жас ақындарға құтты қадам мен сәттілік тіледі.

Одан әрі ақындардың сөз сайысы басталып кетті. Алғашқы күні 14 ақын 7 жұп болып өзара бақ сынасты. Өнер додасына, өлең додасына облысымыздың әр өңірінен «сен тұр, мен атайын» ақындар жиылып, екі күн бойы Сәтбаев қаласының төрінде елдің бірлігі мен ынтымағын, батыр бабаларымыздың ерлігі мен қаһармандығын ұлықтады. Ақындар айтпай қалды дейтін жайт қалмады. Өзге де көкейкесті мәселелер жыр болып төгілді. Бас тақырып — Ұлы Жеңістің 70 жылдық торқалы тойынан бастап, қазақтың көбеюіне дейін қамтылған айтыста құрдастардың, қыз бен жігіттің, аға мен інінің әдемі қазақы қалжыңдары мен қағытпалары да көрініс берді.

Айтыс десе ішер асын жерге қоятын Арқа жұртшылығына азулы ақындар жырларын арқалай келіпті. Жиналған жұртшылық алдында ірікілмей, астарлы сөзбен ақиқатты жеткізген жас ақындар халықтың көңілін серпілтіп тастады. Айтыстың айрықша бір табысы жас таланттардың жарқырай ашылғандығы болды. Солардың бірі жерлесіміз, Ұлытаудың өрені Мұқаш ақынның ұлы Мұқағали Сейітқазы болды. Маржан сөзді дестелеп, өрелі ой өрген ол осы кеште өзін табиғи талантымен қоса, ізденімпаз ақын ретінде танытты. Әкесінің «Дәри-дайымен» сахнаға шыққан жас берен алмастай жарқылдап қарсыластарын қараөлеңмен қамшылады. Қасқадан төбел туатынына елтағы бір көз жеткізіп, риза болысты.

Нағыз ақындық өнердің тапқырлығы да, суырыпсалмалығы да осы кезеңде танылды. Бес бірдей берен сахна төрінде бірінен-бірі қалыспай, бар өнерлерін ортаға салды.

Сонымен, облыстық жас ақындар айтысы да мәресіне жетті. Қазылар алқасының шешімімен Бас жүлде аламанның алғашқы айналымында-ақ «Жезқазған айтысының жалғасымын», айтыс аренасына жасындай жарқ етіп шыққан, екі айналымда да өзін өзгелерге мойындата алған ұлытаулық ұлан Мұқағали Сейітқазыға берілді. Жүлделі үшінші орынды екі ақын жаңаарқалық Медет Жаманов пен сәтбаевтық Жұлдыз Елеусіз өзара бөлісті. Екінші орынды Қарқаралы ауданының қырғиы Бекарыс Оспанов иемденсе, бірінші орынды Шет ауданының шашасына шаң жұқтырмаған ақыны Ұланғасыр Қамиев қанжығасына байлады.

Орайы келгенде айта кетейік, бұл айтыстың өзгелерден екі бірдей ерекшелігі болды. Оның бірі — айтыста Ұлытау-Жезқазған өңірінде туып-өскен белгілі ақындардың атындағы арнайы жүлделер де тағайындалды. Атап айтқанда, Ыбырахым Баймолдаұлы, Қожабай Тоқсанбайұлы, Тайжан Қалмағанбетұлы, Омар Қунақұлы, Нияз Ожанұлы, Нұрғали Сүлейменұлы, Мұқан Бөлтекөйұлы және Шынболат Ділдебаев атындағы арнайы жүлделер орын алмаған өзге ақындарға берілді. Сөйтіп, аймағымызға келіп аламан айтыс ұйымдастырған жас ақындардың барлығы да елдеріне жүлделі оралды.

Айтыстың екінші бір ерекшелігі, ақындардың сөз сайысын аймағымызға белгілі айтыскер ақындар саралады. Қазылар алқасының төрағасы, филология ғылымының кандидаты, айтыскер ақын Светлана Жұмкина болса, алқа мүшелері — Ізтілеу Түсіп, Қарлығаш Темірбекова, Жанбол Көпбосынов, және Ғалил Жәнібеков болды. Ал, айтысты Бағдат Байжантаев жүргізді.

«Орамал тон болмайды, жол болады» дейді ғой атам қазақ. Сол жол болар жоралғылар, яғни, жүлде қорына ақын — Әнуар Омар басқарған Сәтбаев қаласының әкімдігі бас демеуші болды. Ал, Бас жүлде — 200 мың теңге. Бірінші орын — 150 мың, екінші орын — 100 мың, үшінші орын — 50 мың теңге. Сондай-ақ халық ақындары атындағы жүлделерге 30 мың теңгеден берілді.

Суретті түсірген автор.

САЯСИ ПАРТИЯЛАР МЕН ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІКТЕРДІҢ НАЗАРЫНА

АУДАНДЫҚ, ОКРУГТІК, УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ ҚҰРАМДАРЫНА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ ҰЛЫТАУ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ХАБАРЛАМАСЫ

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық Заңының 10 және 19 баптарына сәйкес аумақтық, округтік, учаскелік сайлау комиссияларының кейбір мүшелерінің өз міндеттерін атқарудан босатылуына байланысты Ұлытау аудандық мәслихаты сайлау комиссияларының құрамына өзгерістер енгізетінін хабарлайды.

Әрбір саяси партия немесе оның құрылымдық бөлімшесі тиісті сайлау комиссиясының құрамына комиссия құрамында партия өкілі болмаған жағдайда бір кандидатура ұсынуға құқылы.

Аудандық мәслихатқа белгіленген формада кандидатуралардың тізімдері жіберіледі. Аудандық мәслихат ұсыныстарды бір ай мерзімінде 2015 жылдың 4 мамырынан бастап 4 маусымға (24-00 сағ.) дейін қабылдайды.

Ұлытау аудандық мәслихаты.

Аудандық мәслихаттың мекен жайы:

Ұлытау селосы, Абай көшесі, 27.

Аудандық мәслихаттың хатшысы Сейтжанов Талғат.

Материалдарды жинауға жауапты: Жақанов Аманбай Қайратұлы, аудандық мәслихат аппаратының басшысы, жұмыс тел.21223

Ұлытау аудандық мәслихаты мына құрамға өзгерістер енгізеді:

аудандық сайлау комиссиясына:

№1 қосымша

№	Сайлау округтерінің атауы мен нөмірі	Мекен-жайы	Комиссияның орналасқан жері
1	Ұлытау аудандық сайлау комиссиясы	Ұлытау селосы, Абай көшесі, 36 үй	Ұлытау ауданының Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің ғимараты

сайлау округтері бойынша келесі округтік сайлау комиссияларына:

№2 қосымша

№ р/б	Сайлау округтерінің атауы мен нөмірі	Мекен-жайы	Комиссияның орналасқан жері
1	№6 Қарсақпай сайлау округі	Қарсақпай кенті, Болман ақын көшесі, 74 үй	Мәдениет үйінің ғимараты
2	№7 Балбырауын сайлау округі	Қарсақпай кенті, Сәтпаев көшесі, 9 үй	Агротехникалық колледждің ғимараты
3	№9 Қаракеңгір сайлау округі	Бозтұмсық селосы, Орталық көшесі, 81 үй	Селолық клуб үйі
4	№11 Тайжан сайлау округі	Ұлытау селосы, Бұлқышев көшесі, 15 үй	№1 Ұлытау орта мектебінің ғимараты

сайлау учаскелері бойынша келесі учаскелік сайлау комиссияларына:

№3 қосымша

№ р/б	Сайлау учаскесінің атауы мен нөмірі	Мекен-жайы	Комиссияның орналасқан жері
1	№534 Өрнек сайлау учаскесі	Жезді кенті, Сәтпаев көшесі, 9 үй	№6 Жезді орта мектебінің ғимараты
2	№537 Көкүй сайлау учаскесі	Бозтұмсық селосы, Көкүй елді мекені	Елді мекен кеңсесі
3	№538 Қарсақпай сайлау учаскесі	Қарсақпай кенті, Болман ақын көшесі, 74 үй	Мәдениет үйінің ғимараты
4	№539 Балбырауын сайлау учаскесі	Қарсақпай кенті, Сәтпаев көшесі, 9 үй	Агротехникалық колледждің ғимараты
5	№541 Құлжанбай сайлау учаскесі	Қоскөл селосы, Құлжанбай елді мекені	Елді мекен кеңсесі
6	№547 Тасоба сайлау учаскесі	Сарысу селосы, Тасоба елді мекені	Елді мекен кеңсесі

Аудандық мәслихаттың хатшысы

Т.СЕЙТЖАНОВ

Білім ордаларында

Жақында ҚР Білім және Ғылым министрлігі, Қарағанды облысының Білім басқармасы, Қарағанды облысының білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы, Жезқазған қаласындағы №3 Қазақ-түрік лицей интернатының ұйымдастыруымен Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған «Қазақ халқының Тәуелсіздік жолындағы ұлы бетбұрысы» атты республикалық ғылыми-практикалық конференция болып өтті.

Конференцияға Қазақстан бойынша жалпы білім беретін мектептің 9-11 сынып оқушылары қатысып, алған білімдерін

З.Сақтағанова, С.Сейфуллин атындағы аграрлы университеті тарих кафедрасының меңгерушісі Ө.Бекмағанбе-

қорғап, тиісті сұрақ-жауаптармен алмасты. Оқушылар Қ.Сәтбаев атындағы мұражайға саяхат жасап, ондағы Қаныш ағамыз жайында бұрын кітаптан оқыған мәліметтерін жаңартып, ашқан еңбектерін көзбен көріп, тамашалады. Одан кейін С.Қожамқұлов атындағы театрда конференция жалғасты. Аталған түрлі тақырыптарда баяндамалар жасалып, оқушыларға арнайы сертификаттар берілді.

«ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІК ЖОЛЫНДАҒЫ ҰЛЫ БЕТБҰРЫСЫ»

ортаға салып, пікір алмасып, көптеген тәжірибелі ғалымдар мен ұстаздар, тарихшылар бас қосқан дүбірлі жиын өтті.

Жиынға «KATEL» халықаралық қоғамдық қорының вице-президенті Ж.Ерман, Л.Гумилев атындағы ЕҰУ тарих факультетінің деканы Т.Садықов, ҚарМУ атындағы тарих факультетінің деканы

товтер қатысып, Қазақ хандығының тарихы, Ұлытаудың орны, тарихтағы ұлттық мәселелері тақырыбында баяндама жасады. Үлкен ғалымдардан кейін дарынды балалар мектебінен, Назарбаев зияткерлік мектебінен, Қазақ-түрік лицей мектебінен оқушылар баяндамаларын жасады. Әрі қарай секция жұмыстары жүргізіліп,

Соңында айтарымыз, Елбасы Н.Назарбаев: «Қазақстанның болашағы білімді ұрпақтың қолында» деген. Ендеше, жастарымызға білек сыбана оқып, білім алулары тиіс.

Қ.БАЙЗАҚОВА,
аудандық білім беру, денешынықтыру және спорт бөлімінің әдіскері.

ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИЕТКЕ ЖАТ ҚҰБЫЛЫС — СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ

Еліміз Тәуелсіздік алғаннан бастап, құқықтық мемлекет құрудың негізгі алғышарттарын іске асыра бастады. Қоғамдық қатынастардың демократиялық құндылықтары аясында реттеуін қамтамасыз ету мақсатында өмірдің әр саласын қамтыған заңнамалық актілер қабылданды. Соның бірі тәуелсіз еліміз үшін маңызды рөл атқарған «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңының қабылдануы еді.

Аталған заңнама қоғамдағы сыбайлас жемқорлық көріністерін болдырмау мен оның алдын алуға негіз болды. Бүгінгі таңда еліміз сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жаңа бір деңгейге көтерілді.

Өткен жылдың соңында Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы №986 Жарлығымен Қазақстан Республикасының 2015–2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы қабылданды. Аталмыш құжат – осы маңызды мәселелер бойынша еліміздің қағидаттық ұстанымын білдіретін басты стратегиялық бағдары ретінде мемлекеттің алдағы жылдардағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының негізі екенін айқындап берді.

Құжатта сыбайлас жемқорлық деңгейін түбегейлі қысқартуға, мемлекет пен қоғам өмірінің түрлі салаларында оны тудыратын себептер мен жағдайларды жоюға қабілетті кешенді шараларға басымдық беріліп отыр. Яғни, басты назар сыбайлас жемқорлықтың салдарымен күреске емес, оның алғышарттарын жоюға аударылды. Бұл жұмысты нәтижелі жүргізуде құзыретті мекеме азаматтық қоғам институттарына иек артады.

Мемлекеттік қызметтегі сыбайлас жемқорлықтың деңгейін азайту үшін шенеуніктердің еңбекақысы мен әлеуметтік жеңілдіктерін мемлекеттің қаржылық мүмкіндіктерінің кеңеюіне қарай одан әрі кезең-кезеңімен жоғарылату көзделген. Сыбайлас жемқорлық көріністері үшін



алғышарттың бірі ретінде шенеуніктің азаматпен тікелей байланысының болуы да есепке алынады. Осыған байланысты бірқатар мемлекеттік міндеттерді мемлекеттік емес секторға – өзіне реттейтін ұйымдарға кезең-кезеңімен беру бойынша шаралар қабылданбақ.

Сыбайлас жемқорлық профилактикасының пәрменді тетігі – қоғамдық бақылау. Мұндай бақылауды енгізу азаматтық қоғам институттарын жандандыруға ғана емес, тиісті заңнамалық реттеуді де талап етеді. ҚР «Қоғамдық бақылау туралы», «Жария ақпаратқа қолжетімділік туралы» Заңдарының қабылдануы азаматтық бақылауды ұйымдастыру мен жүзеге асырудың базалық қағидаларын нормативтік-құқықтық бекіту арқылы алғашқы рет оның біртұтас жүйесін құруға мүмкіндік берері сөзсіз.

Осы Стратегияда көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар кешені жұртшылықтың кең қатысуымен сүйемелденуі тиіс. Мемлекет пен қоғамның тығыз серіктестігі ғана сыбайлас жемқорлыққа табысты қарсы тұруға мүмкіндік береді.

Осы тарапта Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаменті жанындағы Тәртіптік және Қоғамдық кеңестері жұмысын ерекше атап өтуге болады. Бүгінде облысымыздың мемлекеттік мекемелер мен бұқаралық ақпарат құралдары басшыларынан, ең белді

қоғам қайраткерлерінен тұратын кеңестер өлкеміздегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, мемлекеттік қызметшілердің Ар-намыс кодексін сақтау, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бақылау мәселелеріне өз шегінде қатысып, бұл қажырлы жұмыстың жүргізілу барысына бірталай ұсыныстар мен ұсынымдарды енгізіп, халық мүддесін білікті білдіруде.

Дегенмен қоғамның қолдаусысыз жоғарыдан жүргізіліп жатқан сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар тек ішінара нәтиже береді. Қарағанды облысындағы азаматтық қоғам институттарын тұрғындарда сыбайластық жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға шақырамын. Қоғамдық кеңес жұмысына қатысу Сіздерге өлкеніміздің әрбір тұрғынының сыбайлас жемқорлықпен жан аянбас күресіне қосатын үлесін жүзеге асыруға құқық береді.

Сыбайлас жемқорлыққа деген төзбеушілік әрбір қазақстандықтың азаматтық ұстанымына, ал Адалдық пен Әділдік мінез-құлық нормасына айналуы тиіс. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы оқыту курстары барлық оқу орындарын, мемлекеттік органдармен тұтастай алғанда барлық азаматтық қоғамды қамтуы қажет. Бұл жұмысты азаматтардың мемлекеттік қызметтерді пайдалану, өз құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау тетіктерін түсінікті және білікті жеткізетін түрлі салалардың мамандарын қолдана отырып, кәсіби негізде өткізген жөн. Дәстүрлі рухани құндылықтар мен үздік халықаралық стандарттардың үйлесуі азаматтардың заңды мінез-құлқының канондарын жаңадан жасауға мүмкіндік береді. Сыбайлас жемқорлықты ұлттық мәдениетке жат құбылыс ретінде түйіну және қабылдау – қоғамымыздың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетінің негізі.

Ержан ЫБЫРАЙЫМОВ,
ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаментінің басшысы.

«ҮЛГІЛІ АУЛА» БАҰҚАУЫ ӨТЕДІ

Қазақстан Республикасы Ішкі Істер Министрлігінің операциялық жоспары бойынша 2015 жылдың 1 мамыр – 30 қыркүйек аралығында Қарағанды облысы аумағында «Үлгілі аула» байқауы жоспарланып отыр. Байқаудың мақсаты – ІІО полиция қызметкерлерімен тұрғындар арасындағы бірлесіп жұмыс істеуді жақсарту және тұрғындардың тұрғылықты мекен жайларымен аулаларын жинастыру жұмыстарына көпшілікті ұйымдастыру, сондай-ақ, азаматтардың ішкі істер органдарына сенім деңгейін арттыру.

Ұлытау ауданы ІІБ ӘПБ-нің учаскелік полиция инспекторларының «Үлгілі аула» байқау шеңберінде тұрғындармен кездесулерінің және азаматтарды қабылдау

КЕСТЕСІ

УПИ Т.А.Ж	УПП	Кездесетін күні	Кездесетін мекен жай
Абилов А.К.	№ 1	13.05.2015ж.-27.05.2015 ж. 10.06.2015ж.-24.06.2015 ж. 08.07.2015ж.-22.07.2015 ж. 12.08.2015 ж.-26.08.2015ж. 09.09.2015ж.-23.09.2015ж.	Ұлытау селосы әкімшілік ғимараты сағат 10:00-12:00
Бимаганбетов С.Р.	№2	13.05.2015ж.-27.05.2015 ж. 10.06.2015ж.-24.06.2015 ж. 08.07.2015ж.-22.07.2015 ж. 12.08.2015ж.-26.08.2015ж. 09.09.2015ж.-23.09.2015 ж.	Аманкелді селосы әкімшілік ғимараты сағат 10:00-12:00
Казтаев Ж.А.	№3	13.05.2015ж.-27.05.2015 ж. 10.06.2015ж.-24.06.2015 ж. 08.07.2015ж.-22.07.2015 ж. 12.08.2015 ж.-26.08.2015ж. 09.09.2015ж.-23.09.2015 ж.	Қаракенгір селосы әкімшілік ғимараты сағат 10:00-12:00
Бралинов М.Ж.	№4	13.05.2015ж.-27.05. 2015ж. 10.06.2015ж.-24.06. 2015ж. 08.07.2015ж.-22.07. 2015ж. 12.08.2015ж.-26.08. 2015ж. 09.09.2015ж.-23.09. 2015ж.	Алғабас селосы әкімшілік ғимараты сағат 10:00-12:00
Урстембаев Ш.Т.	№5	13.05.2015ж.-27.05.2015 ж. 10.06.2015ж.-24.06.2015 ж. 08.07.2015ж.-22.07.2015 ж. 12.08.2015 ж.-26.08.2015ж. 09.09.2015ж.-23.09.2015ж.	Егінді селосы әкімшілік ғимараты сағат 10:00-12:00
Макашев М.Р.	№6	13.05.2015ж.-27.05. 2015ж. 10.06.2015ж.-24.06. 2015ж. 08.07.2015ж.-22.07.2015 ж. 12.08.2015 ж.-26.08.2015ж. 09.09.2015 ж.-23.09.2015ж.	Қорғасын селосы әкімшілік ғимараты сағат 10:00-12:00
Турганбеков Е.Ж.	№ 7	13.05.2015ж.-27.05. 2015ж. 10.06.2015ж.-24.06. 2015ж. 08.07.2015ж.-22.07.2015 ж. 12.08.2015 ж.-26.08.2015ж. 09.09.2015 ж.-23.09.2015ж.	Терісаққан селосы әкімшілік ғимараты сағат 10:00-12:00
Мукушев.С.К.	№ 8	13.05.2015ж.-27.05. 2015ж. 10.06.2015ж.-24.06. 2015ж. 08.07.2015ж.-22.07.2015 ж. 12.08.2015 ж.-26.08.2015ж. 09.09.2015 ж.-23.09.2015ж.	Жезді кенті әкімшілік ғимараты сағат 10:00-12:00
Түлебеков Е.Е.	№9	13.05.2015ж.-27.05. 2015ж. 10.06.2015ж.-24.06. 2015ж. 08.07.2015ж.-22.07.2015 ж. 12.08.2015 ж.-26.08.2015ж. 09.09.2015 ж.-23.09.2015ж.	Қарсақбай кенті әкімшілік ғимараты сағат 10:00-12:00
Есенғалиев С.	№10	13.05.2015ж.-27.05. 2015ж. 10.06.2015ж.-24.06. 2015ж. 08.07.2015ж.-22.07.2015 ж. 12.08.2015 ж.-26.08.2015ж. 09.09.2015 ж.-23.09.2015ж.	Байқоныр селосы әкімшілік ғимараты сағат 10:00-12:00
Нуртазинов К.	№11	13.05.2015ж.-27.05. 2015ж. 10.06.2015ж.-24.06. 2015ж. 08.07.2015ж.-22.07.2015 ж. 12.08.2015 ж.-26.08.2015ж. 09.09.2015 ж.-23.09.2015ж.	Қарақұм селосы әкімшілік ғимараты сағат 10:00-12:00
Шубай М.К. Жанибеков Е.Ш.	№12	13.05.2015ж.-27.05. 2015ж. 10.06.2015ж.-24.06. 2015ж. 08.07.2015ж.-22.07.2015 ж. 12.08.2015 ж.-26.08.2015ж. 09.09.2015 ж.-23.09.2015ж.	Сарысу селосы әкімшілік ғимараты сағат 10:00-12:00
Джандильдинов Ж.К.	№13	13.05.2015ж.-27.05. 2015ж. 10.06.2015ж.-24.06. 2015ж. 08.07.2015ж.-22.07.2015 ж. 12.08.2015 ж.-26.08.2015ж. 09.09.2015 ж.-23.09.2015ж.	Борсенгір селосы әкімшілік ғимараты сағат 10:00-12:00
Айтмуханов Н.	№14	13.05.2015ж.-27.05. 2015ж. 10.06.2015ж.-24.06. 2015ж. 08.07.2015ж.-22.07.2015 ж. 12.08.2015 ж.-26.08.2015ж. 09.09.2015 ж.-23.09.2015ж.	Мибұлақ селосы әкімшілік ғимараты сағат 10:00-12:00

С.ҚҰЛАХМЕТОВ,
Ұлытау ауданы
ІІБ ӘПБ-нің басшысы,
полиция подполковнигі.

ҚР-ның аумағында демократиялық және құқықтық мемлекетті құрудың қазіргі кезеңінде Тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы заңнаманың қолданыстағы нормаларын зерделеу қажеттілігі айтарлықтай өзекті болып табылады.

Себебі сауда қатынастарының өркендеп дамуындағы, экономикалық жаһанданудағы тұтынушылардың құқықтары ҚР-ның аумағында импортталатын және экспортталатын тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің ықпалдастығы нашар дамыған, ол тауар айналымының экономикалық нарқында тұтынушылар құқықтарының барлық жерде бұзылуымен түсіндіріледі, себебі кәсіпкерлердің көпшілігі пайда шығару мақсатында және мемлекеттік билік органдарының жекелеген құрылымдары тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы заңнама нормаларын

эпидемиологиялық салауаттылығы мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз ету.

2.Тұтынушылардың құқықтарын қорғау және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз ету бойынша мемлекеттік органдардың қызметін салааралық үйлестіруді жүзеге асыру.

3. Өз құзыретінің шегінде Комитетке жүктелген өзге де міндеттерді жүзеге асыру. Осы міндеттерді орындау бойынша шаралар Комитеттің көп түрлі функцияларында нақтыланған,

ТҰТЫНУШЫЛАР ҚҰҚЫҚТАРЫ БАСТЫ НАЗАРДА

жеткілікті құқықтық түсінбеуіне байланысты тұтынушылардың құқықтарын бұзады.

Тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы мемлекеттік реттеудің құқықтық негізі Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы заң, ҚР-ның өзге де заңдары, ҚР Президентінің актілері және ҚР Үкіметінің қаулылары болып табылады (Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы Заңының 3-бабы). Осы қағидаттар негізінде «ҚР Ұлттық экономика министрлігінің мәселелері» туралы ҚР Үкіметінің 2014 жылғы 24 қыркүйектегі қаулысымен және ҚР мемлекеттік басқару жүйесінің реформасы туралы» 2014 жылғы 6 тамыздағы және ҚР-ның мемлекеттік басқару деңгейлері арасында өкілеттіктердің аражігін ажырату жөніндегі шаралар туралы» 2014 жылғы 25 тамыздағы Жарлықтарын іске асыру мақсатында ҚР-ның Үкіметі Тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы орталық атқарушы орган ретінде ҚР Ұлттық экономика министрлігі туралы Ережені бекітті. Министрлік ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті туралы ережені бекітті, ол тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы мемлекеттік реттеудің негізгі практикалық мәселелерін шешетін уәкілетті орган ретінде әрекет етеді.

Аталған ереженің 1-тармағына сәйкес ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті өз құзыреті шегінде тұтынушылардың құқықтарын қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы, тұтынушыларға өткізілетін өнімдер мен көрсетілетін қызметтер бойынша техникалық регламенттермен және нормативтік құжаттармен белгіленген талаптардың сақталуын бақылау және қадағалау саласындағы, сондай-ақ, тамақ өнімдерін өткізу сатысындағы олардың қауіпсіздігі саласындағы басшылықты реттеуді жүзеге асыратын, салааралық үйлестіруді, стратегиялық, реттеуші, бақылау-қадағалау, іске асыру, рұқсат беру функцияларын жүзеге асыратын ҚР Ұлттық экономика министрлігінің (бұдан әрі – Министрлік) ведомствосы болып табылады.

Ведомство қызметінің құқықтық негізі Комитет туралы ереже болып табылады, оған сәйкес Комитет міндетінің үш тобы айқындалған:

1.Тұтынушылардың құқықтарын қорғау және халықтың санитариялық-

оның қатарынан (тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласында қолданылатын) мынадай функцияларды атап өтуге болады:

- тұтынушылардың құқықтарын қорғау және халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету мәселелері бойынша жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау;

- мемлекеттік органдар қабылдаған реттелетін саладағы ҚР-ның заңнамасын бұзатын актілердің күшін жою, өзгерту, сондай-ақ, оларды ҚР-ның заңнамасына сәйкес келтіру туралы ұсыныстар енгізу;

- өз құзыретінің шегінде ҚР заңнамасын бұзу фактілерін қарау үшін және тұлғаларды, лауазымды тұлғаларды, заңды тұлғалардың заңды өкілдерін тұтынушылардың құқықтарын қорғау органдарына шақыру;

- реттелетін салада мемлекеттік қызметтер көрсету;

- ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес реттелетін салада тексеру нысанында және бақылаудың өзге де нысандарында бақылауды жүзеге асыру;

- ҚР әкімшілік құқықбұзушылықтар туралы кодексінде белгілеген тәртіппен әкімшілік құқықбұзушылықтар туралы істерді қозғау, қарау және әкімшілік жазалар қолдану;

- реттелетін саладағы мәселелер бойынша халық арасында түсіндіру жұмысын ұйымдастыру;

- мемлекеттік органдармен, жеке және заңды тұлғалармен, үкіметтік емес ұйымдармен тұтынушылардың қоғамдық бірлестіктерімен реттелетін саладағы мәселелер бойынша өзара іс- қимыл жасау;

- тұтынушылардың құқықтарын қорғау және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз ету бойынша мемлекеттік органдарды салааралық үйлестіруді жүргізу, т.б. Тұтастай алғанда, Тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы мемлекеттік басқару сапалы әрі өзге деңгейге көшті деп айтуға болады.

**Ұлытау аудандық
Тұтынушылардың
құқықтарын қорғау
басқармасы.**

МЕМЛЕКЕТ ҚАЗЫНАСЫНА ҚАРАЖАТТАР ӨНДІРІЛДІ

Ұлытау ауданының прокуратурасымен, Ұлытау ауданының атқарушы органымен жер туралы және мемлекеттік бюджет туралы заңнамаларының қолданысына талдау жасалды.

Талдаумен, Ұлытау ауданы бойынша ауыл шаруашылығы өндірісіндегі шығысы бюджет кірісіне түспеу деректері анықталды.

Дәлірек айтсақ, Ұлытау ауданының Өкімімен 13.07.2014 жылы №22/27 санды «СП Арбат» ЖШС-не жер учаскелеріне уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын табыстау туралы қаулысы қабылданған. Аталған қаулыға сәйкес «СП Арбат» ЖШС-не жалпы көлемі 689,08 га жер учаскесі уақытша қысқа мерзімді өтеусіз жер пайдалану құқығымен 25 жыл мерзімге беріліп, жалпы сомасы 28798560 теңге ауыл шаруашылығын жүргізуге байланысты емес мақсаттарға пайдалану үшін ауыл шаруашылығы алқаптарын алып қоядан туындаған ауыл шаруашылығы өндірісіндегі шығысы ауыл шаруашылығы алқаптарының көлемі мен олардың сапасын қалпына келтіру арқылы ауыл шаруашылығы өндірісінің деңгейін сақтау мақсатында бюджет кірісіне өтеу міндеттелген.

Қазақстан Республикасының Жер Кодексінің 105-бабының 2-бөлігінде ауыл шаруашылығы өндірісіндегі шығысы жер учаскесіне құқық беру туралы шешім қабылданған немесе ауыл шаруашылығы алқаптарының нысаналы мақсаты өзгерген кезден бастап алты ай мерзімде өтелуге тиіс.

Алайда, аудан прокуратурасымен және Ұлытау ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасымен жүргізілген салыстыруға сәйкес «СП Арбат» ЖШС-мен аталған 28 798 560 теңге мемлекеттік бюджетке төленбеген.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 31 желтоқсандағы №1339 Қаулысымен бекітілген Республикалық бюджет-

ке түсетін түсімдердің алынуына, артық (қате) төленген соманың бюджеттен қайтарылуына және (немесе) есепке алынуына және салықтық емес түсімдердің, негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдердің, трансферттердің, бюджеттік кредиттерді өтеу, мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін соманың, қарыздардың бюджетке түсуін бақылауды жүзеге асыруға жауапты уәкілетті органдардың тізбесінің 11-1 тармағына сәйкес ауыл шаруашылығын жүргізуге байланысты емес мақсаттарда ауыл шаруашылығы алқаптарын пайдалану үшін оларды алған кезде ауыл шаруашылығы өндірістерінің зияндарын өтеуден түсетін түсімдерді өндіру жергілікті атқарушы органға жүктелген.

Дәл осындай ауыл шаруашылығы өндірісіндегі шығысын бюджет кірісіне төлемеу заң бұзушылық деректері: «Саутс-Ойл» ЖШС-мен 65 080 теңге (10.02.2014 жылғы №03/07 санды қаулысы), «Ногербек-Дарасы» ШҚ-мен 68 960 теңге (10.02.2014 жылғы №03/06 санды қаулысы) және «Нұрсат-Бауыр LTD» ЖШС-мен 14 592 теңге (28.03.2014 жылғы №09/01 санды қаулысы) бойынша да орын алған.

Осылардың негізінде аудан прокуратурасымен 2015 жылдың қаңтар айында «Ұлытау ауданының Жер қатынастары бөлімі» ММ-іне ұсыныс енгізіліп, ұсыныстың қаралу нәтижесі бойынша жоғарыда аталған қаражат (28 947 712 теңге) мемлекет бюджетіне өндірілді.

А. АЗИМБАЕВ,
Ұлытау ауданы
прокурорының көмекшісі
2 – сыныпты заңгер.

МҰРАҒАТТЫҚ АНЫҚТАМАЛАР БЕРУ ТУРАЛЫ

Мұрағат ісі саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы ҚР Үкіметінің 2014 жылғы 5 наурыздағы №183 қаулысымен бекітілген. «Мұрағаттық анықтамалар беру» қызметін көрсету тәртібі: ХҚКО-на құжаттар топтамасын тапсырған кезде, сондай-ақ порталға жүгінген кезде, 15 күн ішінде, яғни екі немесе одан да көп ұйымдардың, уақыты 5 жылдан асқан кезеңнің құжаттарын зерделеу қажет болған жағдайларда, қызмет көрсету мерзімін 30 күннен аспайтын мерзімге ұзарта алады. Бұл туралы құжаттар тіркелген күннен бастап 3 күн ішінде көрсетілетін қызметті алушыға хабарланады. ХҚКО-на құжаттар топтамасын тапсырған күн қызмет көрсету мерзіміне кірмейді; құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат берілген ең ұзақ уақыты 15 минут.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесі (МКҚ): ХҚКО-на мұрағаттық анықтамаларды беру; порталға анықтаманың хабарламасы; электрондық немесе қағаз түрінде; ақысыз негізде; еңбек өтілі мен еңбек ақысының мөлшерін, жасын, білімі мен біліктілігін, мемлекеттік және ведомстволық наградалармен марапатталуын, зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдардың аударылуын, ғылыми дәрежеде, атақ берілгенін, емделу,

қамау орындарында болғанын, көшірілгенін, ақталғанын, экологиялық апат аймақтарында болғанын растайтын, күштеп айдалғаны, репатриацияланғаны туралы, азаматтық хал-жағдайы актілері, мүлктік құқықтар туралы растау.

Көрсетілетін қызметті алушы сенімхат бойынша, оның өкілі жүгінген кезде МКҚ үшін қажетті құжаттардың тізбесі: жеке басты куәландыратын құжат; сенім білдірген адамның өкілеттігін растайтын құжат; сондай-ақ ЖСН, мекен-жайы, байланыс телефонын көрсете отырып толтырылған өтініш. ХҚКО-да МКҚ-дің дайын нәтижесін, оның қызметкері қолхат негізінде, жеке басты куәландыратын құжатты, сенім білдірген адамның өкілеттігін растайтын құжатты ұсынған кезде береді. Ал, көрсетілетін қызметті алушы көрсетілген мерзімде МКҚ-тің нәтижесін алуға жүгінбеген жағдайда, ХҚКО оның бір ай бойы сақталуын қамтамасыз етеді, одан кейін қызметті берушіге береді. Порталға ЭЦК-мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салу.

Байланыс тел: 2-13-06; 2-14-83; 2-16-24. Жұмыс уақыты сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін көрсетіледі.

Ұлытау ауданындағы
ХҚКО бөлімшесі.

Қоғам. Адам. Заң

Моральдық зиян деп азаматтың құқықбұзушылық, оған тиесілі мүлктік емес игіліктер мен өзіндік құқықтардың кемітілуінен немесе олардан айырудан туындаған жан немесе тән азабын түсіну қажет.

Азаматтың жан азабы – адамның кемсітуге, ызалануға, түңілуге, ашуға, ұятқа, қажуға, жайсыздыққа, т.б. байланысты басынан кешіретін эмоциялық-өзіндік жан күйзелісі сезімдері. Мұндай сезімдер тікелей жәбірленушінің өзіне немесе оның жақын туыстарының өмірі мен денсаулығына құқыққа қайшы қол сұғуға, бас

Азаматтық кодекстің 952-бабына сәйкес моральдық зиян тек ақша нысанында өтем жасалатындықтан, ал өтемнің мөлшерін сот анықтайтындықтан өтем мөлшерін анықтау кезінде соттар әділеттілік пен ақылға сыйымды қажеттілікті негізге алады. Мүлктік зиянға ақшалай нысанда өтем мөлшері, егер оның

МОРАЛЬДЫҚ ЗИЯН ЖӘНЕ ОЛ ҚАЛАҰ ӨТЕЛЕДІ?

бостандығынан заңсыз айыруға немесе шектеуге не емін-еркін жүріп тұру құқығынан заңсыз айыруға, денсаулығына зиян келуінің нәтижесінде, оның ішінде бет-әлпетіне адам танымастай болып жаракат пен сызаттың түсуінің салдарынан алғашқы бейнесінен айырылуына байланысты белсенді еңбек ету, қоғамдық қызметті жалғастыру мүмкіндігінен толық немесе ішінара айырылуға, отбасылық жеке

және дәрігерлік құпияның ашылуына, хат-хабар алмасу, телефон, телеграф ақпарат құпиясының бұзылуына, азаматтың қадір-қасиеті мен ар-намысына кір келтіретін, шындыққа жанаспайтын мәліметтерді таратуға, өз атына, өз бейнесіне құқықтарының бұзылуына, авторлық және аралас құқықтарының бұзылуына, т.б. байланысты болуы мүмкін. Ал, тән азабы деп құқыққа қайшы күш қолдануға немесе денсаулығына зақым келтіруіне байланысты сезілетін тәннің ауыруын айтады. Моральдық зиянды өтеу туралы талаптарға талап қою мерзімі қолданылмайды.



мөлшерін анықтау кезінде сот азаматтың мүлктік емес өзіндік құқықтарының бұзылуына байланысты барлық нақтылы мән-жайларды анықтаса және сот анықтаған өтем мөлшері талапкер мәлімдеген талаптардың тиісті мөлшерде қанағаттандырылу туралы негізді тұжырым жасауға мүмкіндік берсе, ол әділ және жеткілікті мөлшерде жасалды деп есептеледі.

Моральдық зиян үшін жасалатын өтемнің мөлшерін белгілеу кезінде соттар субъективті бағаретінде жәбірленушіге келтірілген жан азабы мен тән азабының

ауырлығын, сондай-ақ, осыларды куәландыратын объективті мәліметтерді анықтайды. Атап айтқанда, мүлктік емес игіліктер мен өзіндік құқықтардың (өмірі, денсаулығы, жеке бас бостандығы, жеке өмірі, ар-намысы мен қадір-қасиеті) өмірлік маңызын, жәбірленушінің басынан кешкен жан азабы мен тән азабының ауырлығын (бас еркінен айырылу, дене жаракатын түсіру, жақын туыстарынан айырылу, еңбек қабілетін жоғалтуы немесе шектелуі, т.б.), зиян келтірушінің

кінәсінің нышанын (қасақана, абайсызда), жауапкершілік көтеретін азаматтың отбасылық және мүлктік жағдайын назарға алады.

Талапкер талап-арысында оның нақтылы мүлктік емес өзіндік құқықтарының бұзылуын растайтын дәлелдемелерді және осы құқықтарды қорғау тәсілдерін көрсетуге міндетті. Мүлктік емес зиян үшін ақшалай өтем жасау білдірген жағдайда талапкер, оның пікірінше, оған келтірген мүлктік емес зиянның өтелуін қамтамасыз ететін өтем сомасын көрсетуі қажет. Заңға сәйкес моральдық зиянды өтеу туралы талаптары мүлктік емес талаптар сияқты, арыз берілген күнде тиісті қаржы жылына республикалық бюджет туралы заңмен белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 50 пайызы мөлшерінде мемлекеттік баж төлеуге жатады.

Е.БЕЙСЕМБАЕВ,
Ұлытау аудандық сотының
судьясы.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ – ӘЛЕУМЕТТІК ДЕРТ

Сыбайлас жемқорлық құбылысы соңғы кезде көптеген өзгеріске ұшырап, ол бүгін күрделі көпжақты құбылыс ретінде көрінеді. Осыған байланысты сыбайлас жемқорлықты тек қана парақорлыққа әкеліп теңеуге болмайды. Бұл құбылысты лауазым иесінің, сонымен қатар лауазым иесі болып танылмайтын мемлекеттік қызметкерлердің өз қызмет өкілеттілігін пайдакүнемдік немесе басқа да жеке мүддесіне пайдаланып, азаматтардың немесе ұжымдардың құқықтары мен заңды мүдделеріне елеулі түрде бұзуға әкеліп соқтыратын әрекеттер деп анықтауға болады. Сыбайлас жемқорлық термині көбіне бюрократиялық аппаратқа және саяси элитаға қатысты қолданылады.

Пара – жасырын түрде өз мүддесі үшін заңсыз төленетін ақы, ауызбастырық. «Порэ» сөзінің шығу тегінің парсы тілінен аударғанда – ұсақ тиын, теңгенің бір бөлігі, ал «хур» – парсының «хурдан», «жеу», «жұту» деген етістігінің негізгі түбірі, демек, «порэхур» - «ұсақтап жеу» деген мағынаны білдіреді екен. Ұсақтап жеу деген ұғым қазіргі уақытта құла дүзге кетіп, түйені түгімен, вагонды жүгімен жұтатындар бүгінде көз алдымызда таңқалдырмайтын дүние болды. Парақорлар бірте-бірте мемлекеттік деңгейге көтеріліп, «жемқорлық» (коррупция) деген атқа ие болып, қоғамдық-саяси деңгейге жетіп, ел тұтқасын ұстаған билік пен мемлекеттік мекеме қызметкерлерінің ақшаға сатылуына әкеліп соғады.

Лауазымды тақ иесі мемлекеттік адал қызмет орнын жеке мүддесіне пайдаланып, қоғамның дамуына

қауіп туғызатындар, біріншіден, қоғамдық мүліктерді талан-таражға салу, екіншіден, экономикалық өсу қарқынын тежеу, үшіншіден, ұлттық мүддеге немқұрайды қарау.

Сыбайлас жемқорлық ел экономикасының қарқынды дамуына үлкен кедергі келтіріп отырған қоғамымыздың ең басты қауіп-қатерлерінің бірі. Сондықтан да, оны болдырмау, оның алдын алу мақсатында көптеген іс-шаралар жоспарланып, жүзеге асырылуда.

Елбасы құқық қорғау органдарының, мемлекеттік органдардың, «Нұр Отан» партиясының және басқа да қоғамдық мекемелердің алдына сыбайлас жемқорлықпен күрес бағытын айқындайтын, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерден тиімді сақтау механизмін құру бойынша нақты міндеттер қойды. Елбасымыз атап өткендей, сыбайлас жемқорлық – оның ықпалына дүние-еңбегінің бүкіл елі түсетін әлеуметтік дерт. Сыбайлас жемқорлық қазіргі заманда аса ділгір ауқымды мәселеге айналды. Сондықтан, дамыған мемлекеттер сыбайлас жемқорлықпен күрестің жаңа модельдерін қайта құрып, жазаны қатаңдатып заңдар қабылдауда.

Сыбайлас жемқорлықтың өршуіне алдымен ұлттық дәстүрді жеке мүддесіне пайдалану мақсатында жерлестік, тамыр-таныстық ұрандарымен байланысты орнату оң ықпал етеді. Сол байланыстар арқылы өздеріне, сана-сезімдері мен білімдеріне сол қызмет лайықсыз болса да, лауазымды орынға туыстық демеуімен келген сауатсыздар, жемқорлықтың нағыз бастау алар тұсының себепкері. Нақтырақ

айтқанда, сыбайлас жемқорлық маңызды экономикалық заңдардың іс-әрекетін төмендетеді, әлемдік қауымдастықтың алдында ел беделін түсіреді, оған елге тиімді шетелдерден инвестиция тарту жолында кедергі болып табылады. Адал және әлеуметтік бағытталған бизнес нарықтан ысырылады, себебі, сыбайлас жемқорлық мұндай бизнесті тиімсіз етеді. Жемқорлық әсіресе мемлекеттік билік органдарында қауіпті, ол билік монополиясын, мемлекеттік қызметшілердің өкілеттілігін күшейтеді немесе жояды. Сыбайлас жемқорлық мемлекеттік жүйенің барлығын бұзады, билік беделінің және мемлекеттік қызмет абыройының құлдырауына ықпал етеді. Сыбайлас жемқорлық экономиканың дамуына кедергі жасайды және ұйымдастырылған қылмыстың, әсіресе экономика саласында өсуіне ықпал жасайды.

Сондықтан барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар өз қызметінің шегінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізуге міндетті. Жалпы, ертеңі үшін елеңдейтін әрбір саналы азамат жемқорлықты ауыздықтау ісінде өзінің жеке сауаттылығы мен ұйымдастырушылық жүйесін кеңейту керек деп түсінеміз.

Б.ДҮЗБАЕВ,
«Ұлытау ауданы бойынша
Мемлекеттік кірістер
басқармасы» ММ-нің
Мәжбүрлеп өндіру және
ұйымдастыру бөлімінің
басшысы.

«ТҮБІРТЕКТІ ТАЛАП ЕТ — ЖҮЛДЕНІ ҰТЫП АЛ» АКЦИЯСЫ

Тұрғындарды бақылау-кассалық аппаратының түбіртегін беруде қоғамдық бақылауды қалыптастыру және салық төлеушілердің салық төлеу мәдениетін жоғарылату мақсатында Ұлытау ауданында 2015 жылдың 1 сәуірінен—30 қараша аралығында «Түбіртекті талап ет—жүлдені ұтып ал» акциясы өтеді.

Акцияға қатысу үшін бақылау-кассалық аппаратының түбіртегін ұтыс купондарына айырбастайды. Ұтыс купондарын тегін түрде береді, яғни 10 бақылау-кассалық аппаратының түбіртегіне 1 ұтыс купонын алмастырады. Комитет ұйымдастырған «Түбіртекті талап ет — жүлдені ұтып ал!» акциясын өткізудің ҚР «Салық және бюджетке түсетін басқа да міндетті төлемдер» (Салық кодексі) кодексі негізінде әзірленіп және бағалы ұтыстарды беру бойынша акцияның жүргізілу тәртібін қадағалайды.

Акцияның негізгі мақсаты — тұрғындардың азаматтық белсенділігі мен салықтық сауаттылығын арттыру; төлем жасаған уақытта кассалық-бақылау аппаратын пайдаланудың әлеуметтік-экономикалық маңыздылығына қоғамдық пікірді қалыптастыру; азаматтардың тұтынушы ретінде



өз құқықтарын қорғай алуда құқықтық мәдениетін қалыптастыру; салық төлеушілер мен халықты Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес бақылау-кассалық аппаратын қолданудың міндеттілігін ақпараттандыру; салық төлеушілердің салықтық тәртібін жоғарылату арқылы бюджетке түсетін салықтық түсімдерді көбейту; «көлеңкелі» экономика көлемін қысқарту; кәсіпкерлер арасында шынайы бәсекелестікті арттыру;

Акцияға қатысушылар — акция жүргізу кезінде тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатып алғанын акцияны ұйымдастырушыларына тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатып алған кезінде берген түбіртектерді табыстау жолымен дәлелдеген Қазақстан Респуб-

ликасының азаматтары.

Акцияға қатысуға құқы жоқтар — Мемлекеттік кірістер органы қызметкерлері; заңды және жеке тұлғалар — кәсіпкерлер өздерінің атына тіркелген бақылау-кассалық машинаның түбіртектері бойынша Акцияны ұйымдастырушылар — ҚР Қаржы министрлігі мемлекеттік кірістер Комитеті, сондай-ақ Мемлекеттік кірістер басқармаларының территориялық органдары. Купон айыр-

бастағыш пункттер — Ұлытау ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасында орналасқан (мекен жайы: Ұлытау селосы, Абай көшесі 36 үй), күнделікті сағат 09-00-ден 18-30-ға дейін; Жезді кенті, Құттымбет көшесі 37 үй, Жезді кенті әкімдігі әр аптаның жұма күні сағат 10-00-ден 13-00-ге дейін; Қарсақбай кенті, Болманов көшесі 73 үй, Қарсақбай кенті әкімдігі әр аптаның жұма күні сағат 15-00-ден 18-00-ге дейін. Басқа селолық округтер жоғарыда көрсетілген мекен-жайларға хабарласуға болады. Егер де кәсіпкерлер түбіртекті (чекті) ұсынбаған жағдайда Ұлытау ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасының 2-13-21 сенім телефонына хабарлауы қажет.

Маман кеңесі

Описторхоз — ішек құрты ауруы. Ересек құрт адамның, иттің, мысықтың терісі бағалы аңдардың өт жолдарын, бауырын, ұйқы безін зақымдап, нәжіс арқылы сыртқы ортаға түскен құрт жұмыртқаларын моллюскалар жұтады.

Адамдарға аз тұздалған, дұрыс ысталмаған не шикі балық етін жегенде жұғады. Ауру асқынып созылмалы түріне өткенде, науқастың оң жақ қабырғасының астында ауырсыну пайда болып, бауыр

описторхозия жұмыртқаларымен ластануына жол бермеу. Топырақ пен су қоймаларын қорғау үшін төмендегідей шараларды өткізудің маңызы зор. Елді мекендерді жоспарлы, жүйелі түрде тазалауды ұйымдастыру

ОПИСТОРХОЗ

және өт қалтасы үлкейеді, ас қорыту бұзылып, лоқсиды. Описторхоздың диагнозы эпидемиологиялық анамнезге пісірілмеген балықты тамаққа пайдалану, клиникалық белгісі (дене қызуы, іш ауруы, көз астының сарғаюы, бауыр мен өт қабының өсуі). Осының нәтижесінде өт жолдарының, қарынның және ащы ішектің жұмысы мен секрециясы бұзылады, қосымша инфекциялардың белгісін күшейтеді, рак ауруының қозуына жағдай туады. Санитарлық-эпидемиологиялық қадағалаудың маңызды міндеті — осы инвизия бойынша су жиегіндегі эпидемиялы аймақтардың қоршаған ортасын қорғау, олардың

және жауын суларын жинаушы тоғандарға бағыттау, ит пен мысықтарды гельминттерден тазалау, қаңғыма жануарларды құрту. Алдын ала жүргізілетін шаралар — балық етін дұрыс өңдеп, пісіру.

Эпидемия шыққан жерде дұрыс санитарлық-эпидемиологиялық ағарту жұмыстарын жүргізу. Қазіргі кезде описторхозды емдеуге қолданылатын препарат — празиквантил. Ойымызды қорыта келе, асқындырмай дер кезінде мамандардан кеңес алу керек.

А.ӨБІЛДИНА,
лаборант-паразитолог.
Жезді кенті.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Ұлытау ауданы прокурорының азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдау кестесі

Тегі, аты, әкесінің аты	қызметі	күні мен уақыты
Манапов Қоңырат Пулатұлы	Ұлытау ауданының прокуроры	күн сайын

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ

Ұлытау ауданы прокуратурасы қызметкерлерінің, аудан көлеміндегі құқық қорғау және арнайы мемлекеттік қызметкерлердің «Ар-намыс» кодексін, Мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамалар нормаларын бұзу деректері туралы хабарлау үшін сағат 9.00-ден 18.30-ға дейінгі жұмыс режимімен Ұлытау ауданы прокуратурасында **2-13-65 сенім телефоны жұмыс істейді.**

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштері мен шағымдарына арналған **электрондық мекен-жайы: e-mail:ulitau-kanc@prokuror.kz.**

ЕСКЕ АЛУ

Жезді кентінің тұрғыны ардақты анамыз **Ысқақова Төлеу Қайырбекқызы** тірі болғанда биыл 75 жасқа келер еді. Алланың жазғанына шара бар ма? Енді бізге өмірден өткен асыл анамызды еске алып, құран бағыштап отыру ғана қалды.

Тағы да көктем келіп, жер көктейді, Көмейде әлі өксік тұр кептеліп, 75-ке келер ең жібермеді-ай Ажалдың опа бермес сұм өткелі.

Жан едің мейірімін дариядай, Айтпайтын іштегі мұңды жариялай Баланың бесеуін де ержеткізіп, Қондырған отау қылып бәрін ұяға.

Жанардан моншақтай жас мөлт етіп, Әлі күнге жатар өзек өртеніп. Немерелер сағынғанда әжесін, Ұйқысынан атып тұрар селт етіп.

Сүйеніші болған ұрпағының тірегі, Жүректерден мәңгі өшпейтін тілегі. Қабырыңа барып құран бағыштап, Барлығымыз дұға қылып жүреміз.

Еске алушы: Омаровтар әулетінің балалары мен немерелері.



Маман кеңесі

ЖҰҚПАЛЫ САРЫ АУРУ (НЕМЕСЕ ВИРУСТЫ ГЕПАТИТ)

Бауырды зақымдайтын кең тараған жұқпалы аурулардың бірі — вирустық гепатит. Вирусты гепатиттің «А», «В», «С», «Д» және «Е» секілді түрлері бар. Вирусты гепатиттің «А» түріне тоқталсақ. Жұқпалы сары ауру немесе вирусты гепатит — бауырдың кең тараған ауруларының бірі. Оны сыртқы ортада тұрақты өмірге бейімділігі жоғары кішкентай (майда) тірі организм - вирус тудырады. Ол аурудың қаны мен зәрінде болады. Вирус тұрмыстағы ластанған заттардан, жеке бас тазалығын сақтамаудан, судан, тағам өнімдерінің сақталу тәртібі бұзылғаннан айналадағыларға беріледі. Гепатит А-ның негізгі белгілері: төбеттің төмендеуі, оң қабырғаның астының ауруы, дене қызуының көтерілуі (37,5), жүректің айнуы, кейде құсу, әлсіздік, зәрдің түсінің қоңырлануы, үлкен дәреттің түсінің ағаруы, таңдайдың, көз ағының сарғаюы, кейін терінің сарғаюы.

Санитарлық ережелерді сақтамай дайындаған тағам өнімдері, сондай-ақ вирусты гепатит ауру адамдар дайындап, таратқан тағамдар да осы ауруға ұшыратады. Сары ауру адам организмін бүтіндей зақымдайды. Бірақ өзгерістер бауырда өтеді. Алғашқы үш аптада аурудың ешқандай белгілері білінбейді. Мұны жасырын инкубациялық кезең деп атайды. Дәл осы кезеңде дәрігерге қаралу өте маңызды, дәрігер зерттеу тәсілдерінің көмегімен диагнозды дұрыс

қойып, ем береді және режим, диета белгілейді, асқынудың алдын алады. Инкубациялық кезеңнен соң дененің сарғаюы басталады. Алайда, аурудың сарғаймайтын формасы да кездеседі, бұл айналадағы адамдарға қауіпті. Науқас адам жеке бас гигиенасын және қоғамдық гигиенаны сақтауы керек қайнатылған немесе өз шөлмегіндегі суды ішу, тамақ ішер алдында, дәретханадан кейін, серуендеп келгеннен соң қолыңызды сабындап жууды әдетке айналдыру; суға әдейілеп бөлінген жерде шомылу; ашық су айдындарынан, өзеннен алынған суды ішуге пайдаланбау; көкөністер мен жемістерді жақсылап, мұқият жуып пайдалану. Вирустық гепатит тағам өнімдері арқылы да берілетін болғандықтан асхана, кафе, азық-түлік дүкендерінде санитарлық гигиеналық ережелер ұқыпты түрде орындалуы тиіс. Мектеп жасына дейінгі балалар мекемелері мен мектептерде балалар санының артық болмауын және оларда тазалықтың сақталуын қадағалап отырған абзал. Балалар әрдайым медициналық тексеруден өтуі тиісті. Сапалы сумен, тамақпен жеткілікті мөлшерде қамтамасыз етілулері қажет. Ауру шыққан үйлерде, мектептерде, балабақшаларда, т.б. нысандарда қорытынды дезинфекция 3% хлорлы дәрімен міндетті түрде өткізілуі қажет немесе соңғы шыққан дезинфекциялық дәрілерді кеңінен пайдалану керек: деохлор және жавелин таблеткалары, авансепт, мистраль, ID-212, FD-312 концентрациялық сұйықтар. Аурудың үй-

інде бөлмелері, ыдыс-аяқтары, әжетханалар, ал мектептер мен мектепке дейінгі балалар мекемелерінде ауырған болса, сол ауырған бала оқитын сынып бөлмелері, дәліздер және әжетханалар зарарсыздандырылады. Ауыз су ішетін құдықтарды таза ұстау міндетті. Оларға жақын жерде канализация жүйелері, қоқыс үйінділері, мал суаттары болмауы қажет. Ауыз су құдығының түбі мен қабырғасын лай қоқыстардан тазалап, құдықтың ішін 0,015% деохлор ерітіндісімен зарарсыздандыру керек, 30 минут экспозициядан кейін таза ауыз сумен жуып, содан кейін барып құдықты қайтадан таза ауыз сумен толтыру керек. Құдықтың аузы тығыз жабылатын қақпақпен жабылып, кілттенуі тиіс. Әрбір нысандарда дәретханалар мен қоқыс жәшіктері болуға міндетті. Сондықтан да мамандар аурудың алдын алу үшін су арқылы жұқтыруға қарсы шараларды көбірек қолданып, әсіресе, қауіп-қатер тобындағы 2 жастағы балаларды түгелдей вакцинациялау керектігін ескертеді.

Сол себептен алдын ала сақтық шараларын жасап, дәрігермен жиі кеңесіп, өз денсаулығыңызды күткеніңіз жөн. Өйткені, денсаулық - басты байлық екенін ұмытпаңыз.

Ж.ӘЗІМБАЕВА,
Ұлытау ауданы
Тұтынушылардың
құқығын қорғау
басқармасының
бас маманы.

Мамыр. Бейбітшілік. Бірлік

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫНА — 20 ЖЫЛ

Е л б а - сы Н.Назарбаев Ассамблеясының XXI сессиясында 2015 жылды Қазақстан халқы Ассамблеясы деп жарияланғаны мәлім, 1 наурызда Қазақстан халқы Ассамблеясына 20 жыл толды. Осы айтулы мерекеге орай Қарсақбай кентіндегі Мәдениет үйінде әр ұлт өкілдерінің қатысуымен салтанатты жиын өтіп, Қазақстан Республикасының Ән-ұраны орындалды. Кездесуде Мәдениет үйінің әдіскері Д.Қабылбек Қазақстан халқы Ассамблеясына — 20 жыл толуына байланысты еліміздің барлық аймақтарында шалғайдағы ауыл мен қалаларда іс-шараның бастау алғанын айта келіп, бүгінгі кездесуге келген әр ұлт өкілдерін құттықтап өтті.



Сөз кезегін Побединский Аркадий алып — Қазақстанда туып, өскенін, білім алып жатқанын мақтанышпен жеткізе отырып, Қазақстанда береке де, бірлік те, татулық та бар, мемлекеттік тіл — қазақ тілінде еркін сөйлей алатынын қуанышпен айтты. Молчанова Тайсия да кентіміздегі әртүрлі іс-шараға қатысумен қатар, Қарағандыда өткен «О.Бөкейхан оқулары» «Мемлекеттік тіл — менің тілім» атты байқауларына қа-

тысып, жеңімпаз аталғанын атап өтті. Келесі бөлім бойынша келген қонақтармен «Тапқыр достар» интеллектуальды сайыс жалғасын тапты. Екі топқа — I топ «Болашақ» Молчанова Тайсия, Хамидуллина Фарида, Шмидт Эльдар, II топ «Нұрлы жол» тобы Власова Татьяна, Комов Станислав, Побединский Аркадий бөлініп, 5 бөлімнен тұратын сайыста «Болашақ» тобы жеңіске жетті.

Сайыс соңында ән айтылып, «Қара жорға» биіне ұласты. Келген қонақтар Мәдениет үйінен дайындалған сыйлықтармен марапатталды.

ГИМАНБАЕВА.
Қарсақбай кенті.

«ҮЗДІК СЫНЫП ЖЕТЕКШІ - 2015» БАЙҚАУЫ

Егер мұғалім өн бойына, өз ісіне шәкіртіне деген сүйіспеншілікті жинақтаса ол нағыз ұстаз Ү.Жақаев.



Бала тәрбиелеу — нағыз өнер, ал бұл өнердің бастауы — бала мектепке келетін отбасыдан басталады. Отбасыда баланың тұлғалық жеке қасиеттері, өзгелермен қарым-қатынасы, белгілі бір мінез бен әдеттері қалыптасады. Әрбір баланы тануға, оны жақсы көріп, оның қызығушылықтарын оятуға әрбір сынып жетекшісі тиісті. Мектеп — бұл : бала, ата-ана, сынып жетекшісі. Сондықтан ата-анамен байланыс — сынып жетекшісінің жұмысындағы ең маңызды буын. Жуырда №11 Қоскөл орта мектебінде «Үздік сынып жетекшісі - 2015» атты мектеп тәрбие ісінің меңгерушісі Тордаева Айгүл Серікқызының ұйымдасты-

руымен мектепшілік сынып жетекшілер байқауы өткізілді. Байқау II кезеңнен тұрды. I-кезеңде сынып жетекшілер тәрбие сағаттарын өткізді, портфолиоларына сырттай бақылау жүргізілді. Байқаудың II-кезеңіне жоғарғы буыннан 9 сынып жетекшісі Мәделханов Бекзат, орта буыннан 5 сынып жетекшісі Ақан Жұбаныш, бастауыш буыннан 3 сынып жетекшісі Жүсіпова Анар қатысты. Байқауда сынып жетекшілердің өз-өзін таныстыруы, «менің сыныбым өзгеше» тақырыбындағы бейнеролигі, өз өнерін көрсетуі және педагогикалық жағдаяттан мұғалімнің шығу шеберлігі сынға алынды. Байқау нәтижесінде 9-шы сынып

жетекшісі Мәделханов Бекзат «Үздік сынып жетекшісі» номинациясын, «Жаңашыл ұстаз» номинациясын Ақан Жұбаныш, «Зиялы ұстаз» номинациясын Жүсіпова Анар иеленді. Байқау өте жоғарғы деңгейде өткізілді. «Үздік сынып жетекшісі» номинациясын иеленген Мәделханов Бекзат ауданда өтетін байқауға жолдама алды. Заманымыздың білім беру саласына қойып отырған талаптарын бәріміз жақсы түсінеміз. Дамыған отыз елдердің қатарына кіру үшін заман талабына сай білім алып, тәрбиеленген, кез келген жағдайда өз бетінше шешім қабылдай алатын, серіктестікке бейім, шапшаң да жан-жақты қалыптасқан тұлға қажет. Ал осы қасиет, осы құндылықтар мектепте қалыптасатыны сөзсіз. Заман талаптарына сай, жаңа технологиялық әдіс-тәсілдер қолданып, оқу-тәрбие жұмыстарын мазмұнды үлкен даярлықпен, жауапкершілікпен ұйымдастырып, уақытпен санаспай, жүзеге асырушы басты тұлғалардың бірі — сынып жетекшілер. Алдағы уақытта сынып жетекшілерімізге тек қана сәттілік тілейміз!

Асылзат ӘНИХАН,
№11 Қоскөл орта мектебінің психологы.

ФОТОЭТЮД



Мамыр гүлі

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Ұлытау селосының тұрғыны
Жеңіс ІЗТІЛЕУҰЛЫН

9 мамыр туған күні, 70 жасқа толған мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз. Еңбектің зейнетін көріп, төрде отырған әкеміз — ығымыз, панамыз, ақылшымыз, мейірімді тұлғаңызға біз қуаныштымыз. Жан әке, анамызбен бірге балаларыңыздың қызығына тоймай, өмірдің қызығын тойлай беріңіз.

Тілейміз біз, таусылмайтын төзімді,
Тілейміз біз, сарқылмайтын сезімді.
Денсаулығың мықты болсын, жан әке,
Құттықтайды ұл-қыздарың өзіңді.

Өмір-өзен жақсылығын жалғасын,
Тіршілікте сәттіліктер қолдасын.
Жанұямен мақтанамыз қашанда,
Арамызда Сіздей әке болғасын.

Анамызбен бақытты өмір сүріңіз,
Бірге қуанып, бірге шатты күліңіз.
Асқар тауымыз, панамыз болып әрқашан,
Ешқашанда болмасын сыр, мұңыңыз.

Тілек білдіруші: балаңыз Ерік-Қарлығаш, жиендеріңіз Мәдина, Нұржан, Тоғжан, Жансая, Ақарыс, Жанарыс.

ӘЛЕУМЕТТІК ГАЗ!
Электр қуатынан әлдеқайда тиімді!

8 (7102) 77-33-23
8 (71063) 7-05-55
8-777-707-05-55
8-775-158-57-23

ҮЛКЕН Орта БАЛЛОН 2800 тг
1400 тг

Көтерме сатып алушыларға жеңілдік!

Баллондарымыз толы!

Тегін жеткіземіз!

Ұлытау, Жезді, Қарсақбай, Өрнек әрбір айдың екінші және төртінші жексенбілері сайын.

Үлкен бос газбаллондарды сатып аламыз.

Алдын ала тапсырыс беріп отыруларыңызды өтінеміз.

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:
инд: 101500
Қарағанды облысы,
Ұлытау ауданы,
Абай көшесі, 23- үй.
Тел: 2-13-72; 2-11-22
эл.пошта:
ulytau-oniri@mail.ru

Газет аптасына бір рет шығады,
Таралымы - 1550 дана
Көлемі - 3 баспатабақ
Тапсырыс - 17

Ауқандық «Ұлытау өңірі» газеті редакциясы жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (ЖШС)

ГАЗЕТТІҢ ҚҰРЫЛТАУШЫСЫ: «Ұлытау ауданының әкімдігі»

Газетте жарияланған мақала авторларының пікірі редакцияның көзқарасына сәйкес келе бермейді.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде тіркелген №2199-Г куәлігі берілген. Астана қаласы. 07.08.2001ж.

Хабарландыру мен құттықтаулардың мазмұнына редакция жауап бермейді. Мақалалардың нақтылығы үшін автор жауапты.

Газет «Ұлытау өңірі» редакциясының компьютер орталығында беттеліп, Қарағанды қаласындағы «Қарағанды Полиграфия» ЖШС-нің баспаханасында басылады. Ермеков көшесі, 33 үй.



Директор -
Бас редактор
ЕЛТЫНДЫ ДҮЙСЕНБАЕВ